



ШАРТАРАП

## ДҮРБЕЛЕҢНІҢ СОҢЫ НЕМЕН ТЫНАДЫ?

8-БЕТТЕ



МӘСЕЛЕ

## СЫНЫ МЕН СЫЙЫ КЕТПЕСІН

9-БЕТТЕ



ӘЛЕУМЕТ

## КӨШ ҮМІТТІ АҚТАДЫ МА?

13-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



# ASTANA



№65 (4034) | Бейсенбі | 4 маусым 2020 жыл

## AQSHAMY



## ТҮЛЕКТЕР АТТЕСТАТ АЛДЫ

Кеше елорданың барлық мектептерінде 11-сынып түлектері үшін аттестат пен «Алтын белгіні» тапсыру рәсімі өтті.

Он бір жыл бойы білім нәрімен сусындап, білім ордасын тәмамдаған тағы бір жас толқын үлкен өмірге қанат қақты. Іс-шара мектеп аумағында, ашық аспан астында ұйымдастырылды. Салтанатты рәсімнен кейін «Түлектер аллеясында» 261 ағаш отырғызылды.

Биыл бас шаһарда 6515

түлек мектеп бітірді. Олардың 387-сі – «Алтын белгі», 384-і – үздік аттестат иегері. Айта кететін жайт, биыл эпидемиологиялық ахуалға байланысты карантин аяқталғанға дейін түлектердің мектеп бітіру кешіне тыйым салынған.

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ,  
студент

## МӘСКЕУДЕГІ ШЕРУГЕ ҚАТЫСАДЫ

Қазіргі күні шеруге қатысатын Десанттық-шабуылдаушы әскерилер жеке құрамның басқа мүшелерінен оқшауландырылған. Оларға туған-туыстарының және басқа адамдардың келуіне шектеу қойылған.

Шерушілердің денсаулығын қамтамасыз ету үшін дезинфекциялық-санитарлық режимді күшейтуге нұсқау берілді: күніне кемінде екі рет медициналық тексерістен өткізіліп, жатын бөлмелеріне залалсыздандыру шаралары мен ылғалды тазалау жүргізіледі. Бөлме іші мезгіл-мезгіл желдетіліп тұрады.

Естеріңізге сала кетейік, Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 75 жылдығына орай салтанатты шеру Мәскеуде өтеді. Ресей Пре-

зиденті Владимир Путиннің айтуынша, 1945 жылы осы күні Қызыл алаңда Мәскеу үшін соғысқан, Ленинградты қорғаған, Сталинград түбінде шайқасқан және Еуропаны азат еткен сарбаздардың тарихи шеруі өткен көрінеді.

Әскери шеруге құрметті қонақ ретінде қатысуға В.Путин Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты шақырған болатын. Тоқаев оның шақыруын ризашылықпен қабыл алғанын жеткізді.



Бүгін – Мемлекеттік рәміздер күні. Егемен ел екенімізді айшықтайтын бірден-бір нышандар – Мемлекеттік Туымызбен, Елтаңбамызбен және Әнұранымызбен тәуелсіздігіміздің тұғыры нық. Азаттығымызды алғанша қызыл туға телміріп, орақ пен балғаны құдірет санап, Одақты әнге қосып келген біз осыдан жиырма сегіз жыл бұрын өз рәміздерімізге ие болдық.

Қазір көк туымыз биікте желбіреп, елтаңбамыз елімізді еңселендіріп, әнұранымыз асқақтап тұр.

4 маусым күні сағат 09:00-14:00 аралығында «Отан қорғаушылар» монументінен бастап Есіл өзенінің жағалауына дейінгі аумақта Мемлекеттік рәміздер күніне арналған челлендж өтеді. Аталған мерекеге орай елорда тұрғындары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындап, бір-біріне жолдайды. Оған қала халқының барлығы үн қоса алады.



# РӘМІЗІҢМЕН РУХТАН!

## «ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ  
ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 449.81 \$ USD/KZT 402.37 ₸ RUB/KZT 5.86 ¥ CNY/KZT 56.67

www.astana-akshamy.kz

41870223050016



## «NUR OTAN» – НАҚТЫ ІСТЕРДІҢ ПАРТИЯСЫ

» Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбекті қабылдады. Кездесу барысында Қазақстанның Тұңғыш Президентіне «Birgemiz» қорының қазіргі қызметі және партия мүшелері арасындағы іріктеу жұмыстарына дайындық – праймериз туралы мәлімет берілді.

Ұсынылған ақпаратқа сәйкес, «Birgemiz» қорының қаражаты есебінен 360 мыңнан астам отбасыға 50 мың теңге көлемінде біржолғы көмек көрсетіліп, 240 мың отбасыға қажетті азық-түлік жеткізілді. Бұдан бөлек, елорданың және Алматы қаласының медициналық мекемелерінде жұмыс істейтін 2100-ден астам қызметкерге біржолғы төлем жасалды. Сондай-ақ «Birgemiz» қорының қаражатынан Мақтарал ауданы Достық ауылының тұрғындарына баспана салу мақсатында 340 миллион теңге бөлінді. Сонымен қатар партия белсенділері мен еріктілері бір мың тоннадан астам гуманитарлық көмек жинап, зардап шеккен елді мекендердің тұрғындарына жіберді.

Атқарылып жатқан жұмыстың маңыздылығын айта келе, Елбасы «Birgemiz» қоры арқылы еліміздің шағын қалалары мен ауылдарындағы мұқтаж адамдарға қолдау көрсетуді жалғастыруды тапсырды. «Төтенше жағдай кезінде «Jas Otan» бүкіл ел бойынша бес мыңнан астам еріктіні жұмылдырды. Олар демалыссыз жұмыс істеп, мұқтаж адамдарға көмек жеткізді. Нағыз патриоттардың жауап-

кершілігі мол жас көшбасшылардың жаңа буыны қалыптасқаны қуантады. Олардың ең белсенділеріне арналған алғыс хаттарға қол қойдым» деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Тұңғыш Президент халықтың партияға деген сенімін нығайту жұмысын жалғастыруды тапсырды. «Nur Otan» – нақты істер партиясы. Мен қоғамдық қабылдауларға келіп түскен хаттардың саны жеті есе ұлғайғанын және шешілген мәселелердің де артып келе жатқанын көріп отырмын. Бұл – халықтың партияға деген сенімінің көрінісі. Осы жұмысты одан әрі күшейту керек» деді Елбасы.

Кездесу барысында Б.Байбек Елбасына өңірлерге жасаған жұмыс сапарларының нәтижелері, партияның сайлауалды бағдарламасының орындалу барысы және праймеризге дайындық туралы баяндады. «Қазіргі таңда 10 мың партия мүшесінен құралған кадрлық резерв жасақталды. Праймериз ережелері әйелдер мен жастарға арналған квоталарды ескере отырып бекітілді. Партия өз мүшелері арасындағы іріктеуді екінші жартыжылдыққа жоспарлап отыр» деді ол.

## ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАРДЫ БАЯНДАДЫ

» Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Әсет Исекешевті қабылдады. Кездесу барысында Елбасы Қауіпсіздік Кеңесінің жаңа жағдайда атқарып жатқан жұмысының маңыздылығына тоқталды.

Қауіпсіздік Кеңесінің ұлттық қауіпсіздікті, қорғаныс қабілетін, заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарғаны атап өтілді.

Өз кезегінде Ә.Исекешев ідетке қарсы және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты дағдарысқа қарсы іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі Қауіпсіздік

Кеңесі шешімдерінің орындалу барысы туралы баяндады. Сонымен бірге, Тұңғыш Президентке еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің ахуалы, әскери, құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың қызметі бойынша мәселелер, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібі кешенінің даму келешегі жөнінде егжей-тегжейлі ақпарат берілді.



## ҚЫЛМЫС ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕДІ

» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурор Ғизат Нұрдәулетовті қабылдады. Президентке еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіп жайында баяндалды. Бас прокурор төтенше жағдай режимі кезінде қылмыс деңгейінің төмендегенін атап өтті.

Сондай-ақ Президентке ірі қылмыстық істердің тергелу барысы және қоғамдық мүддені қорғауға қатысты жұмыстар туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев дағдарысқа қарсы шаралардың орындалуын қатаң бақылай отырып, заңдылықты сақтау, мемлекет пен қоғам мүддесін

қорғау бағытындағы жұмыстарды жалғастыра беру қажеттігін айтты. Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

## САНИТАРЛЫҚ НОРМАЛАР САҚТАЛУЫ МІНДЕТТІ



» Қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкеннің төрағалығымен ТЖ ескерту және оның салдарын жою бойынша комиссияның отырысы өтіп, онда коронавирус жағдайы мен карантин режимін сақтау мәселесі қаралды. Оның барысында қаланың ірі сауда, ойын-сауық және фитнес орталықтары басшыларының қатысуымен бейнеконференция ұйымдастырылды.

Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының бастығы Ерлан Бекмурзаев бейнеконференция барысында жұмысын қайта бастағанына қарамастан, кәсіпкерлік субъектілері санитарлық талаптарды қатаң сақтауға міндетті екенін еске салды. Елордалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын және қауіпсіздігін бақылау департаменті бастығының орынбасары Айгүл Шағалтаева сауда, ойын-сауық орталықтары

басшыларының қызметін қайта бастауы туралы айтты. Қажетіне қарай әр кәсіпкерге жеке-жеке жауап берілді.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен азаматтардың қауіпсіздігін және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтау қажетіне назар аударды. Сондай-ақ ол мемлекеттік органдарға күн сайын нысандарға рейд жүргізіп, санитарлық нормалардың сақталуын тексеруді тапсырды.

### СҮБЕЛІ СӨЗ

Мирас ШЕКЕНОВ, қалалық мәслихат депутаты, Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің кеңесшісі:

“”

Қала салуды жобалайтын сәулетшілерге айтарым, тұрғындардың барынша қолайлы ортада өмір сүруіне назар аудару қажет. Бұл мәселе экономикаға, қоғамдық кеңістіктерге ғана емес, баспана салуға да қатысты. Ешкім қазір құжынаған құмырсқаның илеуіндей жерде тұрғысы келмейді. Карантин бізге жақын жерде сквері, паркі және өзге де кеңістіктері жоқ үлкен шағын аудандарда өмір сүрудің өте қиын екенін көрсетті.

(01.06.2020 ж. #ANTIKOR.LIVE жобасы аясындағы онлайн-диалогта айтқан сөзі)

## » АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### ■ НҰР-СҰЛТАН

Нұр-Сұлтан қаласында аяқталмаған 42 нысан бойынша шамамен 13 мыңдай үлескер бар. Үкімет қорынан олардың құрылысын аяқтауға 2017 жылы 40 млрд теңге бөлінген. Биыл тағы 38,5 млрд теңге бөлініп отыр. Осы нысандардың 32-сіне ақша әкімшілік арқылы беріледі. 10 нысан үлескерлердің өз ақшасына және инвестор қаражатына салынып жатыр. Сөйтіп «сақалды» құрылыстар биыл-келесі жылы толық аяқталуы тиіс.

### ■ ШЫМКЕНТ

Шымкентте карантин режимі жеңілдеп, 9 мыңнан астам жұмыс орны іске қосылды. Жұмысын жолға қойғандардың дені – шағын және орта кәсіпкерлік нысандары. Азық-түлік пен тұрмыстық тауарларды сататын дүкендер кешкі 9-ға дейін ашық. Ал қоғамдық тамақтану орындары 50 адамға дейін қонақтарға қызмет көрсетеді. Автокөлік және мал базары санитарлық талаптарды сақтай отырып жұмысын бастады.

### ■ ҚАРАҒАНДЫ

Қарағандыда ұтқыр топтар қызметін жаңғыртуға өтініш берген кәсіпкерлік нысандардың даярлық сапасына рейд жүргізіп жатыр. Күн сайын Қазыбек би атындағы ауданда осындай 10 топ тексеруге шығады. Алайда олар тексерген 211 нысанның 37-сі жұмысқа әзірлік талаптарына сай болмай шыққан. Қазірдің өзінде қызметтерін қайта жалғастыру үшін 532 нысаннан өтініш келіп түскен.

### ■ ПАВЛОДАР

Ертіс өңірінің автобекеттері мен теміржол вокзалдары жұмысқа кезек-кезеңмен кірісіп жатыр. Бірінші кезекте облыс ішіндегі жолаушылар тасымалы жанданады. Кейін халықаралық рейстер жолға шықпақ. Алдағы уақытта өңірдің елді мекендеріне қатынайтын 159 және көрші мемлекетке жолаушы тасымалдайтын 9 бағыт толығымен іске қосылады. Автовокзал өңірдегі 55 маршрут бойынша қызмет көрсетеді.

### ■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Балық шаруашылығы басқармасының ақпаратына сәйкес, Атырау облысында 7434 тонна балық аулауға (Каспий теңізінен – 3190 тонна, Жайықтан – 2223 тонна, Қиғаштан – 2021 тонна) лимит бөлінді. Балықшылар 6492 тонна балық аулап, бөлінген лимит 87 пайызын игереді. Ауланған балықтың көп бөлігі – шамамен 5 мың тоннасы өңделді, 4069 тонна балық өнімі жақын және алыс шетелдерге экспортталды.



## РӘМІЗДЕР МЕРЕКЕСІНЕ ҮН ҚОС!



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекеттік рәміздер – бүкіл әлемде елдің тәуелсіздігін, халықтың патриотизмін, батырлығы мен даналығын, жарқын болашаққа ұмтылысының, мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың бейнесі. Осы мерекені атап өту және мемлекеттік рәміздерге деген құрметті арттыру мақ-

сатында Нұр-Сұлтан қаласында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылады. «Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекеттігіміздің, егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі. Олар тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші бейнесін білдіреді» деген еді Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев.

Шара Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің бастамасымен өтеді. Сондай-ақ «Астана жастары» КММ

осы күні мемлекеттік рәміздерге 28 жыл толу құрметіне орай қала көшелерімен 28 автокөлік пен 28 мотоцикл қатысатын салтанатты шеру өткізеді. Автошеру 2017 жылдан бастап тұрақты өткізіліп келеді.

Шеруге қатысатын барлық еріктілер қажетті қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар оларға карантин режимін сақтау бойынша нұсқау беріледі.

Айта кетейік, 1 маусымнан қоғамдық көліктерде мемлекеттік рәміздер туралы бейнематериал таратыла бастады. Ірі сауда орындары – «Еуразия», «Астаналық базар», «Аружан», «Жаннұр», «Гүлжан» орталықтарында хабарландыру жарияланған болатын.

#МеніңТуым #МемлекеттікРәміздер #БізБіргеміз #МеніңЕлімҚазақстан хештегтерін қолдана отырып, бейнежазбалар азаматтардың жеке парақшаларында, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі мемлекеттік және ведомстволық бағынысты мекемелердің парақшаларында жарияланады. Бейнероликтер – патриоттық сезімді, елорда тұрғындарының бірлігін нығайтуға арналған және мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетудің көрінісі.



## 2,5 МЫҢ ТҰРҒЫН ЖҰМЫС ТАПТЫ

» Бүгінде «Жұмыспен қамту жол картасы» жұмыссыздықпен күрестің тиімді құралына айналды. Елордада осы бағдарлама аясында 2410 адам жұмысқа орналастырылды.

Бұрын хабарлағанымыздай, Жол картасының 2020-2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша шаһар халқының 15 мыңнан астам адамын еңбекке тарту жоспарланған. Олардың жартысына жуығы қалалық Жұмыспен қамту орталығы арқылы ұйымдастырылады.

Елордалықтар түрлі бағыттар бойынша 87 инфрақұрылымдық жобаға қатыса алады. Жұмыспен қамтудың жол картасына орай әлеуметтік, инженерлік-көліктік инфрақұрылым, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, елді мекендерді абаттандыру салаларында 117 инфрақұрылымдық жоба бойынша жұмысқа орналастыру көзделген. Қазіргі күні мамандар аталған

бағдарлама жобаларына лайықты кадрлар іріктеуде.

Бос жұмыс орындарының тізімі enbek.kz электронды еңбек биржасында қолжетімді. Олар құрылыс, жөндеу, абаттандыру салаларында жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, медициналық тексеру, қызметкерлерді жинау және жұмыс орнына дейін тасымалдау үшін мобильді рекрут пункті құрылды. Бағдарламаға қатысу үшін Нұр-Сұлтан қалалық Жұмыспен қамту орталығына келесі нөмірлер бойынша хабарласу қажет: 57-88-89, 72-93-62. Толық ақпарат Жұмыспен қамту орталығының (cz.astana.kz) ресми сайтында.

## «БИЗНЕС-МЕКТЕПКЕ» ТІРКЕЛІҢІЗ!

» Нұр-Сұлтан қаласында «Бизнес-мектеп» жобасы бойынша қатысушыларды тіркеу жүріп жатыр. Карантиндік шараларды ескере отырып, 10 күндік оқу курсы онлайн режимде өтеді. Тегін оқуға әркім, соның ішінде кәсіпті енді бастаған және жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлер қатыса алады.

Жадыра МҰРАТБЕКОВА

Тіркелу үшін Нұр-Сұлтан қаласы Кәсіпкерлер палатасына хабарласу керек, мекенжайы: Момышұлы даңғылы, 2/11, «Аvenue» бизнес орталығы. Өтініш, жеке куәлік көшірмесі, сондай-ақ өтініш бе-

рушінің санатын растайтын құжат (кәсіпкерлікті қолдау бойынша қолданыстағы бағдарламаларға қатыспаған тұлға/бастауыш кәсіпкер/жұмыс істеп жатқан кәсіпкер) тапсыру керек. «Он күндік курс барысында кәсіпкерлікті ұйымдастыруға қажетті негізгі мәселелер кәсіпкерлік орта және идея құру,

салық салу, бизнесті жоспарлау, маркетинг, HR және топ құру, франчайзинг, цифрландыру және бизнес, сондай-ақ кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау шаралары сияқты тақырыптар қаралады. Оқу аяқталған соң елорда әкімдігі бөлетін грант (5000000 теңгеге дейін) байқауына қатысуға, сондай-ақ жеңілдікпен микронесие алуға мүмкіндік беретін сертификат табысталады» деді Нұр-Сұлтан қаласы ӨКП директоры Алмат Жүнісов. Айта кетелік, биыл «Бастау-мектеп» жобасының шарттары өзгерді: курс бағдарламасы кеңейтілді, оқу 2 күн орнына 10 күн жалғасады.

## ЖОЛАУШЫНЫ ҚҰТҚАРЫП ҚАЛДЫ

» №64 маршруттық автобус жүргізушісі әйел адамды жазымнан құтқарып қалды. Ол жөнінде Instagram-ның zhaloby\_astana парақшасында кездейсоқ күәгер жазған. Оқиға 2 маусым күні таңертең болған екен.

«Дастан» аялдамасында жолаушылар автобұса міне бастады. Бір уақытта салоннан у-шу шықты. Сол жерге жақындап барсам, еденде жатқан әйел адамды көрдім. Оның аяқ-қолдары тартылып, дем ала алмайды. Мұндай жағдайда қандай көмек көрсету керек екенін білемін. Бізді CTS курстарында осындай төтенше жағдайларда қалай әрекет ету керек екенін үйреткен. Әйел тілін жұтып қоймауы үшін бірден аузын

ашып, оны шығарып алдым. Кішкенеден кейін әйел есін жиыды, бірақ біраз уақытқа дейін өз-өзіне келе алмады. Су ішкізіп, бетін жуғыздық» деді автобус жүргізушісі Ербол Ескендіров.

Жүргізуші мен жолаушылар әйелдің қолжүгін жинасып, жедел жәрдем келуін күткен.

Ербол Ескендіров 40 жаста, кейінгі 5 жылдан бері елордада автобус жүргізушісі болып еңбек етіп келеді.



» Тәртіп сақшылары мен еріктілер күн сайын адамдар көп жүретін қоғамдық орындарда, саябақтарда жаяу патрульдік тексеріске шығады. Олар қала тұрғындарына індеттің таралуына жол бермеу үшін санитарлық нормаларды сақтау қажеттігі туралы насихат жүргізеді.

## БЕТТҰМША ТЕГІН ТАРАТЫЛУДА



Полиция қызметкерлері мен еріктілер қалалықтарға санитарлық нормалар толық сақталмайынша, елордадағы карантин режимінің аяқталмайтынын, тіпті ұзар-тылуы мүмкін екенін түсіндіруде. Сонымен қатар, тегін бетперде таратады.

Санитарлық талаптар мен гигиена ережелерін сақтау – вируспен күресудің ең тиімді тәсілі. Тәртіп сақшылары елордалықтар-

дың күнделікті өмір салтына оралуы тікелей өздеріне байланысты екенін айтады және санитарлық нормаларды толықтай сақтауға шақырады. Атап айтқанда, беттұмша тағып жүру, 2 метр қашықтық сақтау, қолды антисептикпен өңдеу өте маңызды. Сондай-ақ үйді желдету және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тазалау да қажет.

### ■ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Аягөз қаласының білім ордаларын 2010 жылы тәмамдап шыққан бірнеше түлек 10 жылдық кездесуді ерекше есте қалдыруды жөн санапты. Сөйтіп, ізгі ниетпен жарымжан ұлы бар, ұзақ жылдар бойы пәтер жалдап жүрген 5 баланың анасы Гүлмира Ысқақоваға 3 бөлмелі үй сатып әперген. Қазір тағы бір отбасын баспанамен қамтуды жоспарлап отыр.

### ■ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Өңірде ботаникалық бақ қайта жұмыс істей бастады. Жаңғырту жұмыстарынан кейінгі бақтың көркі көз қуантарлық. Онда жаңа субұрпақ альпинарий сарқырамасы, жас жұбайлар алаңы ашылды. Көптеген өсімдіктер егіліп, жаңа сәулеттік формалар қойылды. Бақтың іші түнде де ерекше әдемі болып көрінеді. Арнайы жарықтандыру жүйесі кешке қыдырушыларды керемет әсерге бөлейді.

### ■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Бүгінде облыс аумағында 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 379,3 мың шаршы метр тұрғын үйдің құрылысы басталды. Оның ішінде 237,1 мың шаршы метр алқабы көппәтерлі тұрғын үй салуға арналған. Жыл басынан бері барлық қаржыландыру көздерінен 1119 пәтер пайдалануға берілді. Тұрғын үйдің ең көп көлемі Қостанай қаласына тиесілі.



# ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДЕ ТӘРТІП САҚТАЙЫҚ

» Екі ай карантиндік үзілістен кейін 12 мамырда елордадағы қоғамдық көліктердің қызметі біршама өзгерістермен қайта басталғаны белгілі. Сол өзгерістерге байланысты көптің көкейіндегі көп сұраққа аталған сала жұмысын реттейтін СТС компаниясының Көліктік бақылау департаменті директорының орынбасары Рашид Рахматулин жауап берді.

Райхан  
**РАХМЕТОВА**

Карантинге дейін желіде 872 автобус жұмыс істеген болса, қазір олардың саны – 628. Демалыс күндері жолаушылар ағыны азаятындықтан, бұл көрсеткіш тағы да төмендейді. Өзгерістер жұмыс кестесіне де енгізілген. Ендігі жерде көліктер таңғы 6.00-де шығып, жұмысын кешкі 22.00-де аяқтайды. Автобуска жолаушылар алдыңғы есіктен кіріп, ортаңғы және артқы есіктен шығады.

– Күн сайын тұрақты түрде автобустар мен аялдамалар залалсыздандырылып отыр. Соңғы аялдамаларда көлік жүргізушілері автобус ішін ылғалдап сүрте отырып тазалайды. Олар, негізінен, адамдар көп ұстайтын тұтқаларды, шынтақ таяныштарды және валидаторларды арнайы С-2 залалсыздандыру ерітіндісімен сүртеді. Сонымен қатар көлік жүргізушілері міндетті түрде маска тағып, қолғап киеді. Жолақы қолма-қол ақшамен мүлде төленбейді, яғни жүргізуші мен жолаушы

арасында ешқандай байланыс жоқ. Көлік тізгіндегендер күн сайын рейс алдында және рейс біткенде медициналық тексеруден өтеді, – дейді Р.Рахматулин.

Компания өкілдерінің айтуынша, бүгінгі таңда жалпы автобус санының 90,8 пайызы қалада қатынап жүр. Таңертеңгі кептеліс уақытында бағдарлардың орташа жүктемесі 26,1 пайыздан аспайды, ең жоғары орташа жүктеме 43,8 пайыздан көп емес. Желідегі жүктемені азайту үшін Көліктік бақылау департаменті аялдамаларда жолаушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, бағдар жүктемесінің көптігі бойынша рапорт жасалады және автобустар анағұрлым жүктемесі көп бағдарлардан азына бөлінеді. Жолаушылар ағыны түрлі ұйымдар мен дәмханалардың ашылуымен байланысты да арта түскен. Мәселен, автобустарды желіге бірінші шығарған күні жолаушылар ағыны сағатына 146907 адам болса, 25 мамырда сағатына 317734 адамға жетті.

City Transportation Systems



компаниясының басқарушы директоры Дәурен Нұралиевтің айтуынша, санитарлық нормаларды сақтауға байланысты қазіргі таңда жолаушыларға профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Бетперде киюден бас тартқан жолаушылар автобустан бірден түсіріледі.

– Жолаушыларға тек профилактикалық шаралар ғана қолданылуда. Таңнан кешке дейін Көліктік бақылау департаментінің қызметкерлері жолаушылармен жұмыс жүргізіп отыр. Олар да, көлік жүргізушілері де ережелерді түсіндіруден жалықпайды. Соған қарамастан

маска киюден бас тартатын жолаушылар да табылады. Дегенмен көбі санитарлық нормаларды сақтау өздері үшін керек екенін түсініп, бір-бірін тәртіпке шақыруы қуантады. Оның үстіне соңғы күндері елордада күн ысып кетті, мұндай кезде маскамен жүру өте ыңғайсыз. Соған қарамастан шыдауға тура келеді, – деді Д.Нұралиев.

Тағы бір еске сала кететіні, биыл 28 наурыздан бастап қосымша жаңа тарифтік жоспарлар іске қосылды. Сол бойынша 18 жасқа толмаған балалар көлік картасы болған жағдайда қоғамдық көлікте тегін жүре береді.

» Қалада карантин жарияланғаннан бері 15 әйел дағдарыс орталықтарына орналастырылып, 600-ге жуығы құқықтық және психологиялық кеңес алған.

## ТҰРМЫСТЫҚ-ОТБАСЫЛЫҚ ЖАНЖАЛ УШЫҒЫП ТҰР



Полиция департаментінің мәліметінше, тұрмыстық жанжалдарға байланысты 19 ақпан мен 18 наурыз аралығында, яғни карантин енгізілгенге дейін жедел басқару орталығына жұмыс күндері – 20-30 қоңырау, демалыс күндері – 30-40, ал мереке күндері 40-50 қоңырау түседі екен. Сонымен қатар төтенше жағдай кезінде – 19 наурыздан 11 мамырға дейін Нұр-Сұлтандағы 102 нөміріне күн сайын отбасылық мәселелер бойынша 50 қоңырау шалынған.

– Қазіргі таңда 11 мамырдан бүгінге дейін жағдай тұрақтанды. Күн сайын орта есеппен 30-ға жуық қоңырау түседі. Қазіргі уақытта 102-ге бірнеше рет қоңырау шалынған мекенжайлар бойынша профилактикалық тексеру жүргізілуде, – деп хабарлады елордалық полиция департаменті өкілдері.

Қалада карантин жарияланған сәттен бастап 300-ге жуық іс әкімшілік сотта қаралды. Полиция қызметкерлері отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау, олар туындаған жағдайда тиімді шешімдерді анықтау үшін ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдарға заң нормаларын, адамның құқықтары мен бостандықтарын түсіндіру бойынша жұмыс жүргізеді. «Жәбірленушілер тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әр адамға мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар мен дағдарыс орталықтары жан-жақты көмек көрсететінін білуі тиіс» деп атап өтті полиция департаментінің өкілдері.

Қала аумағында жарияланған карантин режимі кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері едәуір жиілеп кетті. Оның ішінде отбасылық сипаттағы құқық бұзушылық саны артты.

## САУДА ОРТАЛЫҚТАРЫ ҚАУІПСІЗ БЕ?



» Елорда әкімдігінің ұтқыр тобы, полицейлер мен эпидемиолог-мамандар бірлесіп, бас шаһардағы сауда орталықтарына кезекті тексеру жұмыстарын жүргізді.

Бұған дейін жүргізілген тексерулерде «Еуразия» сауда орталығы мен «Аружан» сауда, ойын-сауық орталығының бірнеше рет санитарлық талаптарды бұзғаны анықталған болатын.

– Күндіз-түні, демалыс күндеріне қарамай тексеру жүргізілді. Бетпердесіз жүру, арақашықтық сақтамау, тепловизорлардың болмауы және ет сататын қызметкерлердің медициналық бетперде мен қолғапсыз қызмет көрсетуі сияқты санитарлық талаптарды сақтамаған жағдайлар көбірек анықталды. Ал бүгінгі тексеру барысында «Еуразия» сауда үйінің барлық санитарлық талаптарға сай жұмыс жүргізіп жатқанын көрдік, – деді Нұр-Сұлтан қаласы Инвестициялық және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы сауда және қызмет көрсету саласының

бас маманы Азамат Рашитов.

Қазіргі таңда қала бойынша 494 нысан тексерістен өткен. Соның ішінде 174 сауда орталығының санитарлық талаптарға сай еместігі анықталып, ескертулер жасалды. Бұған дейін санитарлық талаптарды бұзғаны анықталып, уақытша жұмысын тоқтатқан 71 нысан кезекті тексерістен сәтті өтіп, қайта ашылды. «Біз жоқ жерден сылтау тауып, сауда нысандарының жұмысын тоқтатуды мақсат етіп жүрген жоқпыз. Басты мақсатымыз – санитарлық талаптардың сақталуын қадағалау» деп атап өтті А.Рашитов.

Аталған сауда үйінің кіреберісінде тұрғындар дене температурасын өлшеуден бас тартса, я бетпердесі болмаса, ішке кіргізілмейді. «Қазір бұл базарда асхана, шаштараз, сұлулық салондары мен азық-түлік, ет

сататын орындар санитарлық талаптарды сақтай отырып жұмыс істеп жатыр» деп түсіндірді «Еуразия» сауда орталығының заңды өкілі Артем Куткин.

Бас қаладағы «Арзан» мен «Аружан» сауда, ойын-сауық орталықтарына да тексеру жүргізілді. «Жоспарланған нысандарды тексеруге ешкімге ескертпей төте барамыз. Егер санитарлық талаптарды сақтамағаны анықталса, ірі сауда орындары үш күнде, кішігірім дүкендер бір тәулікте талап бойынша түзетулер енгізуі тиіс. Бүгін тексеру жүргізілген «Арзан» сауда үйінде барлық санитарлық талаптар

пасын бақылау басқармасының жетекші маманы Ергеш Бексұлтан.

Тексеру барысында санитарлық нормаларды сақтамаған 4 нысан жабылды. Мәселен, «Мята» лаунж-барында (Қабанбай батыр даңғылы) келушілерге кальен ұсынғылғаны анықталып, мекеме жабылды. Аталған нысандар санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың қатаң сақталуын қамтамасыз етпейінше ашылмайды.

Елорда әкімдігінің мобильді тобы, полицейлер мен эпидемиолог-мамандар жоспар бойынша сауда орталықтары, монша, шашта-



сақталған. Сатушылар да, сатып алушылар да бетперде таққан, барлық жерлерде антисептик тұр. Есікке «бетпердесіз кіруге болмайды» деген ескертпе жабыстырылған» деді Алматы ауданының Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің са-

раз, сұлулық салондары, кинотеатр мен жаттығу залдары сияқты нысандарда санитарлық талаптардың сақталуын қадағалау жұмыстарын карантин біткенше жалғастырады.

**Найма ҚҰРАЛБАЕВА,**  
студент





## ЦИФРЛАНДЫРУ – АШЫҚТЫҚҚА ҚАДАМ

» Жыл аяғына дейін Нұр-Сұлтан қаласында әкімдіктің мемлекеттік қызметтерін 100 пайыз цифрландыру жоспарлануда. Бұл туралы қалалық цифрландыру және мемлекеттік қызметтер бөлімінің басшысы Ботагөз ҚАСАБЕК хабарлады.

Бөлім басшысының айтуынша қала әкімдігі 160 мемлекеттік қызмет көрсетеді, оның 133-і автоматтандырылған, бұл 83%-ды құрайды.

– 27 қызмет әлі де қағаз түрінде көрсетіледі, олардың ішінде оралман мәртебесін беру, ТЖКБ (техн. және кәсіби білім) студенттеріне академиялық демалыс беру, уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама беру және басқалар бар. Осы жылдың соңына дейін біз Сандық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің 100%-ын цифрландыруды жоспарлап отырмыз. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін едәуір азайтуға, қызметтерге қолжетімділікті арттыруға және азаматтардың уақыты мен еңбек шығындарын азайтуға мүмкіндік береді, – деп мәлімдейді Ботагөз Қасабек.

Ол елордада негізгі секторларды цифрландыру бойынша бірқатар шаралар жүзеге асырылып жатқанын айтты. Мәселен, Денсаулық сақтау саласында жаңа технологиялардың арқасында QR кодтарын қолдана отырып, еңбек демалысы электронды түрде беріледі және тексеріледі.

– Сондай-ақ бүгінде елорда тұрғындарының денсаулығына арналған сандық төлқұжаттары – пациентке арналған

амбулаториялық карта бар. Тұрғындардың денсаулығы туралы мәліметтер базасын құру алда болуы мүмкін қауіптерді болжауға, аурулардың динамикасын бақылауға және дәрі-дәрмек сатып алуды жоспарлауға мүмкіндік береді» деді Ботагөз Қасабек. Қауіпсіздікті цифрландырудың ауқымды жобасы енгізілді.

– 2017 жылы «Сергек» жобасы іске қосылды. Қазіргі уақытта жоба аясында 4000 CCTV камерасын, 400 «Сергек» аппараттық және бағдарламалық жүйелерін (AIC)

қорытындылары бойынша, 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда («Сергек» жобасын іске асырғанға дейін) қылмыс деңгейі 44% -ға, жазатайым оқиғалар саны 41% -ға төмендеген.

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен әкімдік елорданың әлеуметтік нысандары мен аулаларын 100% бейнебақылау камераларына қосу мәселесін пысықтауда» деді Ботагөз Қасабек.

Сандық технологиялар тұрғын үй қатынастары саласына да сәтті енгізілуде.

**Бүгінгі таңда iQala орталығы «бір терезе» форматында 130-дан астам қызметтерді тікелей ұсынады. Жыл соңына дейін тағы 33 қызметті қосамыз. Осы кезге дейін 11 мыңнан астам жеке және заңды тұлғалар қызмет көрсетті**

орнатты және жалғады. 4800 камерадан тұратын «Сергек» кешеніне көшенің 300 қиылысына есептелген 1200 камера кіреді. Сондай-ақ 3000 камера иелерінің интеграциясы жүргізілді: сауда орталықтарының камераларынан, қару-жарақ сағаттың дүкендерден, қонақ үйлерден, мемлекеттік органдардан және басқа объектілерден бейне ағындары қалалық бейнебақылау жүйесіне қосылды, – деді басқарма басшысы. Оның айтуынша 2019 жылдың

– Бүгінгі таңда iQala орталығы «бір терезе» форматында 130-дан астам қызметтерді тікелей ұсынады. Жыл соңына дейін тағы 33 қызметті қосамыз. Осы кезге дейін 11 мыңнан астам жеке және заңды тұлғалар қызмет көрсетті, – дейді Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасының бастығы.

Елордадағы қоғамдық көлік секторын цифрландыру автобус парктерінің қызметі мен ашықтығын арттырды.

Бетті дайындаған Жадыра ШАМҰРАТОВА

## КӘСІПКЕРЛЕР ҚАМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Малика БЕКТҰРОВА «Астана» телеарнасындағы Elorda Live бағдарламасында цифрлық технологиялардың азаматтардың өмірін қалай жеңілдететіндігі жайында, сонымен бірге цифрлық технологияның конкурстық рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етудегі және жергілікті органдар жұмысының тиімділігін арттырудағы ролі қандай екендігі туралы айтты.

– Төтенше жағдай кезінде қазақстандықтар цифрландырудың қаншалықты маңызды екенін сезінді, өйткені көптеген адамдар қашықтан жұмыс істеуге ауысуға мәжбүр болды. Еліміздің бас қаласында цифрлық қызметтерді дамытуда қандай жұмыстар атқарылуда?

– Нұр-Сұлтан қаласындағы цифрландыру өмірдің барлық салаларын қамтиды. Бұл – әкімдіктің мемлекеттік қызметтері және оған қарасты кәсіпорындар, сондай-ақ монополистер көрсететін қызметтер. Бүгінгі таңда 160 мемлекеттік қызметтің 83 пайызы немесе 133 қызмет толықтай онлайн режиміне көшкен. Бұл тұтынушылар үшін ыңғайлы, ешқайда барудың, тіркелудің, кезек күтудің қажеті жоқ. Біз қалған қызметтерді жылдың аяғына дейін цифрландырамыз және оларды онлайн арқылы алуға мүмкіндік береміз.

Елордада монополистердің электрмен, сумен жабдықтауға қосылу қызметтері – «Астана су Арнасы», «Астана-РЭК» және басқалары цифрландырылған. IQala.kz порталы бар. Бұл – қарапайым азаматтар мен бизнеске арналған портал. Сіз осы портал арқылы суға, жарыққа қосылуға, меншік құқығын қайта тіркеуге, қоқыс жинау қызметтерін ұсыну туралы келісімшартқа қол қоюға, ұялы байланыс операторларына интернет пакеттерін, кабельдік теледидарды ұсынуға келісім жасай аласыз. Сіз «жеке кабинет» арқылы 130-дан астам қызмет алуға болатын мүмкіндік бар.

– Карантин кәсіпкерлерге айрықша әсер етті. Көбісі өз қызметін тоқтатты, сол себепті шығынға ұшырады. Әкімдік қиын уақытта кәсіпкерлерге қалай көмектеседі?

– Негізінен, шағын және орта бизнес жалға беру негізінде жұмыс істейді. Ай сайынғы жалдау ақысын, коммуналдық қызметтер ақысын төлейді. Біз кең көлемде, сондай-ақ әр бөлшек сауда нүктелері үшін кезек-кезек түсіндіру жұмыстарын жүргіздік, көмек сұраған өтініштердің мәнін зерттедік және төтенше жағдай режимінің енгізілуіне байланысты жалдау ақысын төлеуден босату мүмкіндігі туралы хабарлар еттік. Бұл жалдау шарттарында нақты көрсетілген: яғни форс-мажор деген ұғым бар. Пандемиямен байланысты туындаған жағдайлар форс-мажор деп саналады. Түсініспеушілік не жанжал туындаған жағдайда, жалға беруші жалға алушыны жалдау ақысын төлеуден босатуға дайын болмаған кезде біз әкімдіктен заң кеңестерін ұсындық, төтенше жағдай режиміне байланысты қол қойылған заңнаманы, бұйрықтарды, жарлықтарды түсіндірдік. Барлық жағдайларда жалға беруші жалға алушымен өзара мәмілеге келді және бұл мәселе заңға сәйкес реттеліп отырды.

– Көрсерменнен, көпбалалы анадан, кәсіп ашқысы келетіндерден сұрақ түсті. Олар грант алуы үшін не істеу керек деп сұрайды.

– Бұл – жиі қойылатын сұрақ. Бизнесі дамытуға арналған гранттар бар және онда «Халықтың әлеуметтік осал топтары» жеке санаты қарастырылған. Көпбалалы отбасыларға, аналарға басым құқықтар беріледі. Көпбалалы аналарға белгілі бір квота бар. Егер ол бизнеспен айналысқысы келсе, грантқа өтініш беруі керек. Қазір грант сомасы 5 миллион теңгеге дейін. Биыл карантинге байланысты конкур



сәл кешірек басталады, біз құжаттарды шамамен тамыз айының басында қабылдай бастаймыз. Пандемияға байланысты грант қаражаттарына сұраныстың артуына байланысты қызмет түрлеріне шектеулер қойылмайтын болды. Азаматтардың әлеуметтік әлсіз санаттары үшін 10% өз қаражатымен қатысу талабы алынып тасталды. Гранттық өтінімдерді қабылдаудың нақты күні біздің барлық байланыс арналарында жарияланады. Бағдарлама басталғаннан кейін екі апта ішінде әкімдік сайтында онлайн өтініштер қабылданады. Әр кәсіпкерге презентацияны өткізу күні мен уақыты белгіленеді. Тұсаукесерлер Facebook-те тікелей көрсетіледі. Грант жеңімпазын анықтайтын әділқазылар алқасына мемлекеттік қызметшілер кірмейді. Барлық үміткерлер бір-бірінің презентацияларын көре алады. Цифрландыру арқасында біз онлайн-дауыс беруді қамтамасыз еттік. Қазылар алқасының барлық мүшелері дауыс бергенде кімге дауыс бергенін білмейтін болады. Цифрландыру енгізілгеннен кейін осы гранттық байқауларды өткізудің біржақтылығы не әділетсіздігі туралы мәселе жойылды. Байқау жарияланғаннан кейін бір ай ішінде құжаттарды жинауға мүмкіндік бар, презентацияға қалай дайындалу керектігі туралы кеңестер алу үшін Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасымен байланысыңыз, өйткені бұл – көпшілікке арналған презентация.

– Төтенше жағдай енгізілген кезде адамдар тапшылықтан қорқып, тамақ өнімдерін жаппай сатып ала бастады. Нұр-Сұлтан қаласының азық-түлікпен қамтамасыз етілуінің қазіргі жағдайы қандай?

– Төтенше жағдай кезінде азық-түлік және азық-түлік емес тауарлармен қамтамасыз ету жағдайы тұрақты болды, қазір де солай. Мүлдем үзіліс болмайды. Жеткізуде қиындықтар болған жоқ, өйткені алғашқы күннен бастап жүк көліктері үшін «жасыл дәліз» ұйымдастырылды. Қалада «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешенінің орнатылғандығын ескере отырып, әзірлеушілер қосымшамен толықтырылып, «Post» жеке есепке алу жүйесін құрды. Жүк тасымалында тауарлар түрі, қанша тасымалдайды, қандай бағамен, қайда апаратыны көрсетіліп, тіркелу арқылы жүзеге асырылды. Мұның бәрі бізге тұрақты бақылауды қамтамасыз етті, біз ешқандай кептеліс, кедергі жоқ екенін көрдік. Бүгінде жағдай дәл сондай бірқалыпты. Ешқандай келеңсіз жағдай орын алған емес.





## ШЕТЕЛДІК ЖҰМЫС КҮШІ АЗАЯДЫ

» Тегін кепілді медициналық көмек шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде тегін амбулатория деңгейінде 110 мың диспансерлік науқасты дәрімен қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен – 8,6 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 430 млн теңге бөлінді. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясы пленарлық отырысында осылай деп қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәуле Қисықова мәлімдеді. Отырысқа қала әкімінің орынбасары Малика Бектұрова қатысты.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Қалалық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы Мәжит Шайдаров туберозды склероз, талма ауруы бар 18 жасқа дейінгі балаларды ғана емес, диспансерлік есепте тұрған барлық санаттағы науқастарды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету керектігін атап өтті. Басқарма басшысы депутаттың бұл уәжімен келісті.

Қалалық, аудандық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары құрамы өзгерді. Бұл өзгеріспен қалалық мәслихат депутаты, аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерін сайлау бойынша мәслихаттағы уақытша комиссия төрағасы Мирас Шекенов таныстырды.

Оның айтуынша, былтырғы 15 қаңтар күні сайлау комиссия мү-

шелері 5 жылға сайланды. Алайда осы жылдың 15 қаңтарынан осы күнге дейін әртүрлі себептермен аумақтық комиссиялар құрамынан – 9 адам, учаскелік комиссиядан 481 адам шығып кетті. Сондай-ақ жаңадан 18 учаскелік комиссия құрылды. Оның мүшелері саны 5-тен 11 адамға дейін болуы керек. Осы орайда мәслихаттың уақытша комиссиясы сайлау комиссияларының 490 мүшесі мен жаңадан ашылған комиссиялардың 178 мүшесін сайлау жұмысын ұйымдастырды.

Кандидаттар бес партиядан, атап айтқанда, «Нұр Отан», «Ақ жол», «Ауыл», «Бірлік» және Қазақстан коммунистік халықтық партияларынан және 12 қоғамдық бірлестіктен ұсынылды. Мәслихат депутаты Мұхтар Төлеутаев үміткерлерді ашық дауыс беру арқылы сайлауды ұсынып, бұл ұсынысты әріптестері мақұлдады.



Нұр-Сұлтан қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Сәуле Нұрғожинаның баяндамасынан кейін мәслихат депутаты Ақылбек Күршібаев пандемияға байланысты шетелдерден жұмыс күшін тарту мәселесі қалай болатынын

сұрады. Бұл сауалға қала әкімінің орынбасары Малика Бектұрова жауап берді.

– Пандемияға байланысты және Үкіметтің ұстанған саясатына сәйкес шетелдерден тартылатын жұмысшылар саны азаяды. Осы жылы бекітілген квота бойынша

өткен жылмен салыстырғанда жартысына азаяды. Қазіргі таңда ірі жобаларда жұмыс істейтін шетелдіктердің саны да кеміген. Көп шетелдік жұмысшылар пандемия кезінде елдеріне қайтты. Экономиканы жаңғыртуға бағытталған саясатқа сәйкес «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша Жұмыспен қамту орталықтары арқылы қаладағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастырамыз. Олар шаһарда жүзеге асырылып жатқан жобаларға тартылады. Бұл жұмыс қазір басталды. Төтенше жағдай режимі аяқталған мерзімнен осы уақытқа дейін 3 мыңға жуық адам жұмысқа орналастырылды. Мұны әлі де жалғастырамыз. Мақсатымыз – шетелден келетін жұмысшылар санын азайту және қаладағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тарту, – деді М.Бектұрова.



## АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ БАСТЫ ӨЛШЕМІ – БІЛІМДЕ

» Осымен үшінші рет Ұлттық кеңестің отырысы өтті. Отырыстың негізгі тақырыбы – білім мен денсаулық. Қазақстан өзін тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлеуметтік мемлекет деп жариялап және сол бағыттан еш айныған емес. Тәуелсіздігіміздің барлық кезеңінде адами капиталдың сапасын арттыру күн тәртібінен түскен жоқ. Елбасы – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің 2017 жылғы қаңтар айындағы Жолдауында да «адами капиталды дамыту – заман талабы» деген болатын. Ұлттық кеңесте көтеріліп отырған мәселе Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Елбасы саясатын жалғастырушы тұлға екенін көрсетті.

Адами капиталдың басты өлшемі білімде екені – баяғыдан белгілі аксиома. Елімізде білім сапасын арттыру саласында бірқатар ілгері істер атқарылуда. Өткен жылы баршамыз күткен «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Заңда ұстаздарға бірқатар әлеуметтік жағдайлар қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы педагогтардың тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде соңғы 3 жылда ұстаздардың жалақысы кезең-кезеңмен көтерілетінін айтқан болатын. Мемлекет басшысының осы тапсырмасы дер кезінде орындалуда. Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Кемелұлының педагогикалық мамандардың мәртебесін арттыру мақсатындағы жаңа «Халық алғысы» марапатын енгізу мәселесі уақытылы көтерілді.

Қоғамда ұстаздың мәртебесін көтеру арқылы ғана білімге деген



көзқарасты өзгерте аламыз. Мемлекет басшысының педагогикалық кадрларды даярлау үшін арнайы педагогикалық жоғары оқу орындарын құру туралы идеясы өте орынды деп ойлаймыз. Өйткені жаһандық жағдайда ұлттық құндылықтарды жоғалтып алуымыз мүмкін. Сондықтан да ұлттық педагогикалық мамандар ауадай қажет. Сонымен бірге, жоғары оқу орындарын мәртебесіне қарай бағалау идеясы да өте орынды. Педагогикалық университет, институттар, академияларды бұрынғыдай ірі аймақтарда ашу керек.

Баршамызға белгілі, педагогикалық кадрларға деген сұраныс ауылды жерлерде әлі де болса жоғары. Елдегі демографиялық үрдісті ескерсек, бұл мәселе өте өзекті. Сондай-ақ педагогикалық оқу орындарының материалдық-техникалық базасын қайта жарақтандыру идеясы біздің көңілімізге қонымды. Техникалық-кәсіптік саланың материалдық базасы 60 пайызға ескірген. Бұл жағдайды түземей, сапалы білім беру үлкен күмән туғызады.

Педагогикалық салада оқитын студенттердің стипендиясын 26 мыңнан 42 мыңға көтеру идеясы болашақ мамандар үшін үлкен мотивация болар еді. Сонымен қатар, оқулықтардың сапасын арттыру да Президент назарынан тыс қалмады. Өйткені сапасыз оқулықтар – сапалы білім берудегі ең басты кедергі. Сондықтан да Мемлекет басшысы оқулық жазудағы жа-

уапкершілікке ерекше мән берді. Ауыл мен қала арасындағы білім берудегі алшақтықты жою туралы тапсырмасы уақытылы айтылған деп білеміз.

Ел халқының көп бөлігі әлі де болса сол ауылдарда. Оларға лайықты білім беру, оқуға түскен соң олардың әлеуметтенуі – бәрі-бәрі бірдей мәселе болып тұр. Сонымен қатар, сапасыз білім беретін «кеңселерді» жабу керек деген идеясы да орынды. Бұл өз кезегінде жоғары білімнің құнсыздануға ұшырауына алып келді. Саны бар да, сапасы жоқ. Жоғары оқу орындарындағы мемлекеттік гранттардың құнын 340 мыңнан 3 есеге арттыру сапалы кадрларды даярлауға жол ашады деп ойлаймыз. Бұл жоғары білім беру ұйымдарында жұмыс атқаратын оқытушы-профессорлардың жалақысының артуына да себеп болар еді. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарында жемқорлыққа үлкен тосқауыл қояды.

Қорыта айтқанда, адами капиталдың сапасын арттыру – заман талабы. «Елден елдің артықшылығы – тек білім мен өнерде ғана» деп кезінде Мұхтар Әуезов айтқан екен. Ұлттық кеңес отырысында айтылған ұсыныстар мен Президентіміздің тапсырмалары өміршең болғай деп тілейміз.

**Зұлпыхар ҒАЙЫПОВ,**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының депутаты,  
саяси ғылымдар докторы





**К**азіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласында 88 мемлекеттік, 25 жекеменшік мектеп бар. Мәслихат депутаттары, әсіресе, мемлекеттік мектептерде оқушылардың шамадан тыс көптігін бұған дейін де бірнеше мәрте мәселе етіп көтерген. Атап айтқанда, 74 білім ордасындағы оқушылар саны жобада көрсетілген сыйымдылықтан асып отыр. 25 мектепте бұл көрсеткіш екі еседен асады. Егер астаналық мектептер 83 мың оқушыға арналып салынған болса, дәл қазір ол жерде 182000 оқушы білім алуға келеді. Осы жерден-ақ жергілікті атқарушы органдардың қателігін мойындауымыз керек. Енді алдағы уақытта елорда тұрғындарының саны артпаса, кемімейтіні анық. Сондықтан жаңа мектептер құрылысын талапқа сай лайықтайтын күн туды.

Мектептердегі жүктеменің көптігі білім сапасына да кесірін тигізеді. Ал Білім басқармасының басты мақсаты – оқу процесінің сапалы болуын ұйымдастыру. Мұғалім ешқашан мектептің құрылысына, денсаулық сақтау, спорт және бюджет ісіне жауап бермейді және жауап беруге тиісті емес. Біз бүгінге дейін мектептегі кез келген кемшілікке Білім басқармасын, мектеп директорын кінәлауға дайын тұрамыз. Ал бұлай істеу мүлдем қате! Мектептегі сабақтың 2, 3 ауысымда өтетінін ескерсек, оқушылардың сабақ үлгерімінің төмендеуінің себебін іздеп те керегі жоқ. Білімде сапа болмайды.

Дене шынықтыру сабағын өткізу үшін спорт залдар мен алаңдардың жеткіліксіздігі, медициналық қызметтің әлсіздігі, тағамның құнарлы болмауы, сапасыз құрылыстың кесірінен ғимарат ішінің ылғалы мен салқындығы, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер біліктілігінің төмендігі – балалардың денсаулығына зиянын тигізетін тізімнің басы ғана.

Былтыр Нұр-Сұлтан қалалық Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті елордадағы 33 мектепті тексеріп, 29 мектептен құқық бұзушылықтар анықтаған. Соның көбісі қажетті деңгейде жарықтандырылмаған болып шықты. Ал медициналық тексерістер балалардың көру қабілетінің нашарлауы бірінші орында екенін көрсетті. Сондай-ақ таза су ішу режимінің бұзылуы, ауасы тар сынып бөлмелерінің ылғалдануы, ғимараттың апатты жағдайда болуы көп кемшіліктердің бетін ашып отыр.

Мәслихат депутаттары өз тарапынан осы жылдың наурыз айында бірнеше мектепке барды. Соның барысында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде оқушылардың қауіпсіздігі мәселесіне ерекше назар аудардық. №6 мектеп-гимназиясы, №28 және №76 мектеп-лицейлері секілді білім ұйымдарындағы жоспарлы жұмыстардың оң тұстарын да атап өту керек.

Мәселен, эвакуациялау жоспары тиімді, мектептерде «Антипаника» жүйесі, турниктер мен дабыл түймесі орнатылған. Осы білім нысандары арнайы лицензиясы бар күзетпен қамтылған. Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі болса, құнарсыз тағам өмірге қауіп те



## ҰРПАҚ САУЛЫҒЫ ҰСАҚ ТІРЛІК ЕМЕС

**» Ұрпақ саулығы мен тәрбиесіне қатысты мәселенің ұсағы жоқ. Адам өзінің денсаулығына мектеп жасынан мұқият болуы керек. Алайда мектептердің тығыздығы жағдайында бұл мүмкін болмай жатады. Мәселен, «Білім туралы» заңға және санитарлық нормаларға сәйкес бір сыныпта 25 оқушыдан артық оқытылмауы қажет. Ал бүгіндері елорда мектептерінде бір сыныпта 40 оқушыдан отыратын жағдайлар кездеседі.**

төндіруі ғажап емес. Сондықтан осы шара барысында мектеп асханасын аралап, балаларға берілетін тамақтың сапасына көп көңіл бөлдік.

№28 мектеп-лицейі 1969 жылы құрылған. Қазіргі уақытта мектеп асханасы жаңартылған. Дегенмен асхана ғимараты мектептің талаптарына сай емес. 1300 оқушысы бар мектептің асханасы тек 120 балаға ғана арналған. Осыдан кейін мектептегі тамақпен қамту 100 пайыз орындалады деудің өзі артық.

Ал №6 мектептегі жағдай одан да сорақы. Ыдыстар дұрыс жуылмаған, стақандардағы, қасықтардағы қалдықтар мұқият тазаланбаған, тіпті сынық ыдыстармен балалар тамақ ішеді екен. Ал №76 мектепті тамақпен қамтушылар да өрескел қателіктерге жол берген. Азық-түліктің жарамдылығы стандартқа сай келмейді. Сондай-ақ сақтау камералары тазартылмаған, қоймалар санитарлық нормаға сәйкес келмейді.

Мониторинг тобының мүшесі ретінде екі жыл бойы мектеп асханасының жай-күйін бақылап жүрмін. Бұл бағытта тұрғындар тарапынан көптеген шағымдар бар. Өкінішке қарай, олар негізсіз емес. Өйткені санитарлық және технологиялық нормалардың көптеген бұзушылықтары анықталды. Олардың барлығы – қаладағы әрбір үшінші мектеп асханасында аспаздардың арнайы кәсіби білімсіз жұмыс істейтіндігінің нәтижесі. Сондықтан қазір ата-аналар мен реттеуші органдардың шағымдары көп екендігіне таңырқауға болмайды.

Білім беру ұйымдарында балалардың тамақтануына бөлінетін уақытта да ауытқушылықтар бар. Мектептердегі оқушылардың шамадан тыс көптігінен әр сыныпқа тамақтануға 15 минут қана бөлінеді. Ыстық тамақ тек бірінші-төртінші сынып балалары үшін ұйымдастырылады. Ал орта және жоғары сы-

нып балалары буфетте жеңіл-желпі тағамдар сатып алып, оларды жолай жей салатыны да рас. Міне, осыдан келіп баланың саулығына зияны келіп жатады.

Мектептегі тамақтану мәселесі бір күнде шешілмейді. Дегенмен мұндай келеңсіздіктерді болдырмау үшін бірнеше ұсынысымыз бар.

Біріншіден, жеткізуші «бір жеткізуші, бір мектеп» негізінде таңдалуы керек. Елордалық мектептерде жүргізілген мониторинг нәтижелері көрсеткендей, бір жеткізушісі бар мектеп асханаларында құқық бұзушылықтар аз кездеседі. Он немесе одан да көп мектептерде тендер ұтып алған компанияларға мектеп асханалары бойынша көп шағым түседі.

Екіншіден, бірыңғай технологиялық стандартқа сәйкес мектептерге арналған тамақтандыру комбинатын салу мәселесіне қайта оралу қажет. Қала үлкен болғандықтан, мектептер бір-бірінен қашық орна-

ласқандықтан, мұндай комбинаттар әр ауданда болғаны жөн. Сол кезде қаладағы барлық мектептерге арналған өнімдерді орталықтан көтерме бағамен сатып алуға мүмкіндік туады. Бұл шығындарды үнемдеуге әкеледі. Тамақтандыру комбинаттары адам факторы проблемасын шешеді. Себебі мектеп асханаларын тексеруді ұйымдастыратын тиісті мониторинг топтары да сенімнен шықпай жатады.

Тағы бір ерекше назар аударатын жайт, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту және Құрылыс басқармалары мектептерге кіретін жолдардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығын ойлағаны жөн. Бұл мәслихат депутаттарының күн тәртібіне қойған мәселелерінің бірі болатын.

Мектептердегі медициналық кабинеттердің қызметіне де тоқталмасқа болмайды. Олардың Білім басқармасынан алынып, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына берілуі оң әсерін тигізді. Кабинеттерді жабдықтау, есепке алу жұмысы жақсарды. Бірақ мектептерді медициналық кадрлармен қамту мәселесі әлі өзекті күйінде қалып отыр. Мәселен, 2700 оқушысы бар мектеп-лицейде бір ғана медицина қызметкері жұмыс істейді. Бұған қоса, мектеп медбикесі жалақысының аздығын, кейбір кадрлардың біліктілігінің төмендігін қосыңыздар. Халықаралық тәжірибені есепке алсақ, мәселен Мәскеу мектептерінде тұтас санитарлық блоктар жұмыс істейді. Онда оқушылар вакцинация мен екпе алуға қоса, медициналық қызмет түрлерін кеңінен алады.

Мектептердегі дене шынықтыру сабақтары оқушылардың денсаулығына сөзсіз әсерін тигізеді. Бірақ қаладағы көптеген мектептерде спортзалдар стандарттарға сәйкес келмейді. Себебі онда тығыздық өте жоғары. Дене шынықтыру сабақтары аптасына екі-үш реттен емес, бір рет қана өтетін мектептер де бар. Мәселен, бізге жеткен ақпарат бойынша №3 мектеп-гимназияда дене шынықтыру сабақтары бір уақытта төрт сыныпқа өткізіледі.

Мектеп психологтарының мәселесі де өзекті күйінде қалып отыр. Олардың бір жарым ставкамен жұмыс істейтініне қарамастан, орташа жалақысы шамамен 70 мың теңгені құрайды. Сол себепті өз жұмысын шын жүректен жақсы көретін мамандар бұл жұмысқа келе бермейді. Соның салдарынан іс жүзінде балаларға психологиялық көмек көрсетуге және олардың депрессиялық жағдайын тереңірек зерделеуге біліктілік жетпей жатады. Егер Қазақстан суицидтер саны бойынша әлемде үшінші орын алатынын ескерсек, бұл – ұлт үшін трагедия. Өкінішке қарай, балалардың өз-өзіне қол жұмысуы жиілеп кетті. Ендеше бүгін мектептегі білім деңгейі қалай өзгеруі керек, балаларды қорғау үшін не істеуіміз керек деген сұрақ тек депутаттарды ғана емес, қоғамның әр мүшесін ойландырады хақ. Соның ішінде ұстаз, ата-ана, баланың ұштағаны үйлесімділікте болғаны керек.



**Қарақат АБДЕН,**  
Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының депутаты





## АҚШ-ТАҒЫ ДҮРБЕЛЕҢНІҢ СОҢЫ НЕМЕН ТЫНАДЫ?

» АҚШ-та осыдан бір апта бұрын басталған тәртіпсіздіктің басылар түрі жоқ. Наразылық акция елдің 20-дан астам штатына лезде тарады. Ашуға бой алдырған жұрттың ереуілі тәртіп сақшыларымен қақтығысқа ұласып, көшелердің астаң-кестені шықты. Наразылар жолдағының бәрін жайпап, қиратып жатыр. Сауда орталықтары мен кеңселер өртенген. Тонаушылық та асқына түскен. Ал биліктің пікіріне келсек, АҚШ президенті бұл оқиғаларды бейбіт шеру емес, ішкі лаңкестік деп санайды.

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

### БІР АЗАМАТТЫҢ ӨЛІМІНЕН ТҰТАНҒАН НАРАЗЫЛЫҚ

Миннеаполис қаласында бастау алған ереуілге полицияның Джордж Флойдты тұтқындау кезінде қатыгездік көрсеткені себеп болған. Дәлірек айтқанда, 47 жастағы афроамерикалық азамат полицияның қолынан қайтыс болды. Оқиғаға қатысқан 4 тәртіп сақшысының біреуі тұтқындалып, қалған үшеуі қызметінен босатылды. Алайда наразы жұрт бұған тоқтаған жоқ, елдегі нәсілдік кемсітушіліктің күшейіп, заң атқару қызметкерлерінің қара нәсілді азаматтарына зорлықты күш қолдануының жиілеп бара жатқанын алға тартып, Құрама Штаттардың жер-жерінде шеруге шықты. Осы жағдайға байланысты Нью-Йорк шаһарынан өзге 40-тан астам қалада коменданттық сағат енгізілді. Оның ішінде Лос-Анджелес, Филадельфия мен Миннеаполис те бар. Бірақ халық биліктің талабына құлақ асатын түрі жоқ. Кейбіреулері қарулаңнып көшеге шығып жатыр.

Үкімет өңірде тәртіпсіздіктің алдын алу үшін полиция өкілдерінің санын екі есеге арттырды. Миннеаполис билігі өңірге ұлттық гвардия сарбаздарын тартуда. Басқа штаттардан қосымша күш те келді. Сонымен қатар қосымша күш Манхэттен мен Бруклинге де жөнелтілді. Ақ үй басшысы Дональд Трамп тәртіпсіздікті тыю мақсатында Нью-Йорк қаласына әскер жіберді. Мұндай жағдай АҚШ-та Екінші дүниежүзілік соғыс кезінен бері болмаған.

Жаппай шерулер басталғалы 11 адам қаза тапты. Чикагодағы тәртіпсіздіктер кезінде екі адамның өмірі қиылса, Лас-Вегаста ереуілшілер полиция қызметкеріне оқ атқан. Жергілікті БАҚ-тың хабарлауынша, қайғылы оқиға Федералды сот ғимаратының маңында болған. Атылған оқ офицердің басына тиген. Ізінше атыс болып, оқ атқан күдікті де

жараланған. Бруклин ауданында да атыс болып, бір адам көз жұмды, екі полицей жарақат алды. Наразы жұртты тарату үшін полицейлер көз жасурататын газ қолдануда. Қойдай тізіп, түрмеге әкеліп жатқан адамдар да көп. Тольқ емес мәліметке қарағанда, соңғы бірнеше күнде 4 мыңнан аса адам қамауға алынған. Бірнеше жүз тәртіп сақшысы жараланған.

### ТРАМП ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІ ҚОЛДАНА МА?

Өткен жұма күні ереуіл ел астанасы Вашингтонда да өтті. Ақ үйге қарай бет алған жұртты полицейлер бөгеп, мұның соңы бүлікке ұласты. Жағдайдың ушыққаны соншалық, Дональд Трамп отбасымен бірге бункерге жасырынған. Бұл туралы The New York Times газеті жазды. Ал CNN-нің хабарлауынша, Трамп бункерде бір сағаттай болған. Қасында бірінші ханым Мелания Трамп пен Беррон есімді ұлы болған көрінеді. Десе де, бұл ақпаратты президент әкімшілігі өзінге растаған жоқ.

Америка президенті бункерге ақ үйге қауіп төнген жағдайда ғана жасырынады. Соңғы рет АҚШ басшысы мұндай қадамға 2001 жылғы террорлық шабуыл кезінде барған. Сол кезде бункерге Құрама Штаттардың 43-президенті Джордж Буш пен вице-президент Дик Чейни түсіпті.

Вашингтондағы ереуілден кейін «менің әкімшілігім зорлық-зомбылықты тоқтатады. Америкаға құлдырау емес, өрлеу қажет. Қастық емес, достық керек. Бүліктің орнына тәртіп орнауы керек» деп мәлімдеме жасаған Трамп «ахуал тұрақталмаса, ереуілдерге қарулы күшті жұмылдырамыз» деп сес көрсетті. Негізі, 1878 жылы қабылданған заң бойынша қарулы күштер ел ішінде әрекет етуі үшін ең алдымен конгрестің рұқсатын алу керек. Алайда BBC агенттігінің хабарлауынша, Дональд Трамп 1807 жылы қабылданған «Бүлік әрекеттеріне қарсы әрекет ету туралы» заңды қолданамын деп

отыр. Оған сәйкес, штат губернаторлары жаппай тәртіпсіздіктер кезінде федералдық үкіметтен әскер жіберуін сұрай алады. Алайда бірде-бір губернатор әлі ондай өтініш білдірмеген.

Демократиялық партия атынан президенттікке үміткер Джо Байден дүйсенбі күні Делавэр қаласына барып, жергілікті қара нәсілді тұрғындармен кездесті. Басқосуда бұрынғы вице-президент алдағы сайлауда жеңіске жетіп, билік басына келетін болса, полицияны қадағалау кеңесін құратынын мәлімдеді. Сонымен қатар жуық арада өзінің экономикалық бағдарламасын жариялап, афроамерикалықтардың жағдайын жақсартуға күш салатынын жеткізді. «Біз елдің экономикасын қалпына келтіруді институтоналдық құрылымдарды өзгерту арқылы жүзеге асыратын боламыз. Нәсілшілдікті жоюға күш саламыз. Біздің елде көп нәрсені өзгерту қажет» деді ол кездесуде.

### ЕРЕУІЛ ҚАШАН ТОҚТАЙДЫ?

Қазір АҚШ-тағы ереуілге Еуропа жұртшылығы да үн қоса бастады. Мәселен, Грекияда 300-ге жуық адам Афинадағы АҚШ елшілігінің алдына жиналып, өз наразылықтарын білдірді. Жиналғандардың қолында «мен тұншығып барамын» деген жазуы бар плакаттар бар. Дәл осындай жағдай Франция, Германия, Нидерланд, Жаңа Зеландия елдерінде де болып жатыр. Батыс Австралия халқы да қозғалыстан тыс қалмады. Мұнда жүздеген адам қолдарына әртүрлі ұрандар жазылған плакаттар алып, АҚШ елшілігінің алдына жиналды. Көпшілігі қара бетперде киіп алған. Олар Джордж Флойдтың қатыгездікпен өлтірілгенін айтып, бұл өзекті мәселені жаһан болып, бірге шешу керек дейді. Ал ереуілге қыбы қанған Қытай билігі болса, АҚШ-ты нәсілшілдік кемсітушілікті тоқтатуға және аз санды ұлттардың мүддесін қорғауға шақырып мәлімдеме жасады.

Жалпы АҚШ-та мұндай ереуіл бірінші рет туып отырған жоқ. 1965 жылдан бері бұл елде 12 рет тәртіпсіздік туындап, соңы тәртіп сақшылары мен қара нәсілділердің қақтығысына ұласқан. Мәселен, 1965 жылы Лос-Анджелесте сақшылардың көлікпен келе жатқан екі қара нәсілді азаматын көліктен түсіріп, өне-бойын тінткеніне наразылық танытқан жұрттың айқайы тәртіпсіздікке ұласып, бір аптаға созылған бүлікте 34 адам мерт болса, 1967 жылы шілде айында қатынас қағидасына жеңіл дәрежеде қайшылық жасаған қара нәсілді жігітін ақтәнді екі сақшының сабағынан тұтанған наразылықтан 26 адам мерт болып, 1500 адам жараланды. Сол жылы 23 шілдеде Мичиган штатындағы нәсілдік кемсітушіліктен тұтанған наразылықтан 43 адам өліп, 2000 адам жараланған болатын. Осыдан кейінгі жылдарда да қара нәсілділер мен ақтәнділер арасында дүркін-дүркін қақтығыстар туып, талай адам мерт болған.

Алайда, биылғы дүрбелеңнің зардабы өте ауыр болатын секілді. Сарапшылар алдағы уақытта жағдай бұдан да бетер ушығып кете ме деп алаңдаушы. Өйткені ереуілшілер карантиннен кейін енді ғана ашыла бастаған дүкендер мен мейрамханаларды қыратып жатыр. Сондықтан шағын және орта бизнес иелері өз кәсібін қорғап қалу үшін полицейлерді қолдайды. Кейбіреулер тіптен көшеге қолына қару алып шықпақ ниетте. «Алғашында ереуіл бейбіт түрде өткен. Алайда артынша тәртіпсіздіктер белең алды. Көбі бұған алдын ала дайындалған секілді. Мәселен, дүкендердің терезе-есігін сындыру үшін арнайы құралдар алып келген. Сондықтан бүлікке ұйымдасқан топтардың қатысы бар ма деген ой келеді» деді Вашингтон қаласының мэрі Мюриел Баузер.

Сарапшыларды алаңдатып отырған тағы бір мәселе – індет қайта өршіп кете ме деген қауіп. Өйткені көшеге шыққан жұрттың біреуі беттұмша тақса, біреуі тақпайды. Ал арақашықтық сақтау деген атымен жоқ. Сондықтан тәртіпсіздіктерге байланысты төтенше жағдай жарияланған Атланта қаласының мэрі ереуілшілердің барлығын тест тапсыруға шақырды. Айта кететін бір жағдай, АҚШ-та ереуілшілердің қатарына полиция қызметкерлері де қосылған. Ал тәртіп сақшысының қолынан қаза тапқан Флойдтың ағасы болса, наразы жұртты сабырға шақырып әлек.



### КОНГОДА ЭБОЛА ІНДЕТІ ҚАЙТА ӨРШІДІ

Конгода эбола індеті қайта өршіді. Мамандар осы ауруға шалдыққан науқастар елдің солтүстік-батысында тіркелгенін хабарлайды. Жуырда жергілікті ауруханалардың біріне 6 адам түскен. Олардың төртеуі көз жұмды.

Мамандар онсыз да коронавирус пандемиясынан есеңгіреп қалған Конгода қазіргі жағдай мәз емес дейді. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл дертке қарсы күресте үлкен жұмыс атқарылғанын айтып, жергілікті халықты сабырға шақырып отыр. Дәрігерлер ел тұрғындарына гигиеналық талаптарды сақтауға кеңес береді.



### ІНДЕТ ЖҰҚТЫРҒАНДАР САНЫ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Ресейде коронавирус індетінің өршуі бәсеңдеді. Соңғы бір тәулікте шамамен 10 мыңдай науқас тіркелді. Ақпарат көздерінің хабарлауынша, өткен тәулікте 162 адам көз жұмған.

Бұған қарамастан, жергілікті билік Жеңіс күніне орай ұйымдастырылатын салтанатты парадқа дайындығын бастап кетті. Сонымен қатар ел билігі Конституциясына өзгеріс енгізуге қатысты дауыс беруге дайындалуда. Әлем бойынша 634 9041 адам індет жұқтырып, 380 мың адам көз жұмды. Ал Қазақстанда 11796 адам індет жұқтырып, 44 адам қайтыс болды.




### ДҮЛЕЙ ДАУЫЛ ҮНДІСТАНДЫ ЖАЙПАП КЕТЕ МЕ?

Үндістанның Махараштра штатына «Нисарга» тропикалық дауылы жақындап келеді. Синоптиктердің хабарлауынша, жел екіні сағатына 120 шақырымға дейін барады. Кей штаттардың билігі аймақта қауіптіліктің қызыл деңгейін жариялады.

Болжам бойынша дауыл Мумбай қаласында да ойран салуы мүмкін. Билік өкілдері тұрғындарға сыртқа шығуға тыйым салды. Айта кетейік, Махараштра штатында 1891 жылдан бері тропикалық дауыл тіркелген емес.



» **Адамның табиғаты қызық. Ілеуде бір тақуа болмаса, көпшілігіміз жұмырбасты пенде ретінде атаққа, марапатқа ынтығып тұрамыз. Ол үшін ешкімді жазғыруға болмайды. Алайда елге жасаған еңбегіңізді басқалар біліп, қадірлеп жатқаны да артық емес. Қайта, ол адамға күш беріп, ынталандыра түседі. Бүгінде атақтың да, марапаттың да сан алуан түрі бар. Еліміздегі солардың ішіндегі ең биігі, бағалысы – Мемлекеттік сыйлық. Бұл – мыңдаған адамның біріне емес, миллиондардың арасынан озған дараларға бұйырар сый. Өзім солай ойлаймын. Сондықтан біз бүгін әдеби шығармаларға берілетін Мемлекеттік сыйлық туралы сөз өрбітсек дейміз. Бұған түрткі болған «Егемен Қазақстан» газетінде таяуда жарық көрген жазушы Жүсіпбек Қорғасбектің «Мәртебелі сыйлық һәм киіз ұлтрақ» атты ой-толғамы еді. Бұл мақала карантин кезінде үйде қамалып, әлеуметтік желіге жүрген оқырмандар арасында әжептәуір пікір туғызды. Бізге де ой салды.**



# МӘРТЕБЕЛІ СЫЙЛЫҚТЫҢ СЫНЫ МЕН СЫЙЫ КЕТПЕСІН

Азамат  
ЕСЕНЖОЛ

Биыл екі жылда бір берілетін Әдебиет және өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлықты беру тәртібі өзгеріп, енді ол Абай атындағы мәртебелі сыйлық болып аталды.

Жалпы, елімізде әдеби көркемдігі мен жаңалығы мол шығармаларға ұсынылған жоғары марапат 1966 жылдан бастап берілді. Ақын Есенғали Раушанов «Қазақы қара сөздің жолбарысы» деп атаған көрнекті жазушы Тахауи Ахтанов дәл сол жылы «Дала сыры» хикаятымен алғашқы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Содан бері оны қазақ әдебиетінің көрегесін кеңейтіп, көсегесін көгертіп, көркем сөз өнеріне өз өрнегін зерлеген біраз дарынды суреткерлер иеленді.

Жасыраны жоқ, төбеден шұқшынып қарап тұрған қырағы көз болса да, кеңестік дәуірде қазақ әдебиеті біраз дәуірледі. Әдебиетке толқын-толқын талантты жастар келіп, шұрайлы шығармалар жазылды. Қазір біз аузымыздың суы құрып айтатын тамаша туындылар туды. Бірақ сол асыл қазынамызға айналған құнды дүниелерді жазған арқалы ақын-жазушыларды уақытында бағасын бердік деп айта алмаймыз. Олардың кейбіреуін өмірден өткеннен кейін танып, мойындадық.

Азаттық алғаннан кейін де қазақ әдебиеті өз сүрлеуінен жаңылған жоқ. Бұрынғы цензура жойылды. Қаламгерлер қандай тақырыпты жазса да, қаламды жасқанбай сілтейтін сәт туды. Соның нәтижесінде бірқатар сүйекті шығармалар өмірге келді.

Енді сол оқырман жүрегінен жол тапқан шығармаларды жазған қабырғалы қаламгерлердің қадірін сезініп, бағасын біліп жүрміз бе? Бұған келгенде ептеп күмілжіміз. Екі жылда бір берілетін Мемлекеттік сыйлық төңірегінде пікір де, сөз

де көп. Бұл бәйгеге қатардан қалмай шауып жүрген жауыр торылар емес, топтан озған, шашасына шаң тимес жүйріктер қатысатыны анық. Бірақ жүзде саны шектеулі. Барлық жүйрікке ол бұйыра бермейді.

Естуімізше, биылғы Мемлекеттік сыйлыққа әдеби ортада әлдеқашан мойындалған, елге танымал бірқатар ақын-жазушылардың шығармалары ұсынылып отыр. Олардың қатарында Тынымбай Нұрмағамбетов, Несіпбек Дәуітайұлы, Жүрсін

қаламгер өмірде жоқ. Бірақ олар көзі тірісінде туған халқының ғана емес, мемлекетінің үлкен марапатына ие болып, құрметін көрді. Ал біз Тынымбай ағамызды жақын танып, қадірлеп жүрміз бе...? Сондай-ақ прозаға жанрлық жаңалық енгізіп, жаңа өріс ашып, «Құдірет пен Қасірет» секілді шоқтығы биік роман жазған Несіпбек Дәуітайұлының да орны ерекше.

Жүсіпбек Қорғасбек жоғары-

да, ол кісі қазір мәртебелі марапат көркем туындыға емес, адамға берілді деп айтып қалды. Сол ағамның сөзінің жаны бар секілді көрінді.

Шын мәнінде, сыйлық шығарманың көркемдігі мен мазмұнына, ол тулғаның әдебиетке сіңірген еңбегіне берілуі қажет. Сондай-ақ жазушы Мемлекеттік сыйлыққа түсу үшін комиссияға соңғы екі-үш жылда жарық көрген кітаптарын жолдайды. Осы жерде бір түсінбестік бар секілді. Айталық, ақын-жазушылардың ол туындысы жас кезінде немесе одан бұрын жазылған дүниесінен бір мысқал кем түсіп жатуы мүмкін. Мәселен, Ақсұңқарұлының 1984 жылы жарық көрген «Жиырмамыншы ғасырдың жиырма сәті» атты жыр жинағы құбылыс саналды. Поэзия әлемінде өзіндік орны, қолтаңбасы бар айтулы ақынға осы кітабы үшін-ақ марапатты баяғыда беруге болатын еді. Сондықтан бәйгеге қосылған суреткерлердің соңғы бір кітабын емес, барлық жазған шығармасын ескеріп, әдебиетке сіңірген еңбегіне баға берген дұрыс сияқты.

Жақында ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Ғалым Жайлыбай «Түркістан» газетіне берген сұхбатында осы тарапта ой толғай келіп: «Украинаға бірнеше мәрте жол түсті. Соңғы рет Тарас Шевченконың тойында болдым. Сол жиында әдебиет бойынша Мемлекеттік сыйлық иегерлерін марапаттау салтанатына куә болдық. Украинада Мемлекеттік сыйлықты тағайындау жөніндегі комиссия жыл бойы жұмыс істеп, әр сала бойынша жемісті еңбек еткен азаматтарды, көпшіліктің ықыласына бөленген үздік шығармаларды іріктейді. Лайықты деп танылғандарды марапаттайды. Ал бізде Мемлекеттік сыйлыққа қоғамдық ұйымдар арқылы әркім өзін ұсынады. Марапатты тағайындау жүйелі, ашық түрде жүргізілмегендіктен, оның айналасында күбір-сыбыр да,

дау да көп» деп айтады.

Мысалы, осыдан екі жыл бұрын қазақтың үш дарынды ақыны Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Бұл үш шайыр да – әдебиетіміздің айтулы тулғалары. Бірақ сол жолы шығармасы ұсынылған Мархабат Байғұт одан құр қалды. Мақамы бөлек Мархабат ағамыздың қазақ әдебиетінде өз орны ерекше. Сол үш ақынмен бірге сыйлықты парасатты прозашы Мархабат ағамызға берген де болатын еді. Әйтпесе, біздің әдебиетімізде поэзия ғана емес, проза жанры да жақсы өркендеген. Сонда прозашылар да өкпелемейтін еді. Сонымен бірге «Елім-ай» роман-трилогиясын жазған Софы Сматәев ағамыз да бірнеше мәрте бағын сынап көрді, бірақ бұйырмады. Әдебиетіміздің дамуына бір кісідей үлес қосқан, үлкен жүректі азамат, жазушы, аудармашы, сыншы, марқұм Герольд Бельгер де көзі тірісінде бәйгеге тулпарын қосты, мәреге жетпеді. Дәл Герольд ағамыздың да алатын жөні бар еді. Қатып қалған қағидаға сүйенбей, лайықты болса

**Мәселен, Ақсұңқарұлының 1984 жылы жарық көрген «Жиырмамыншы ғасырдың жиырма сәті» атты жыр жинағы құбылыс саналды. Поэзия әлемінде өзіндік орны, қолтаңбасы бар айтулы ақынға осы кітабы үшін-ақ марапатты баяғыда беруге болатын еді. Сондықтан бәйгеге қосылған суреткерлердің соңғы бір кітабын емес, барлық жазған шығармасын ескеріп, әдебиетке сіңірген еңбегіне баға берген дұрыс сияқты**

Ерман, Серік Ақсұңқарұлы секілді қаламгерлер бар деп естідік. Бұл азаматтар бәйгеге биыл алғаш түсіп отырған жоқ, бұрын да тұрған. Бірақ...иә, бірақ...оны да ішіңіз біліп отыр. Әрине, олардың шығармалары сыйлыққа сай болмады дей алмайсыз. Егер қазақ әдебиетінде аталған ақын-жазушылар болмаса, оның бір бүйірі олқысынып тұрар еді. Мен бұл кісілерді әдебиетіміздің дамуына зор үлес қосқан, өз үні, өрнегі, орны бар тулғалар деп танимын.

Мәселен, талантты жазушы Тынымбай ағамыз алдағы оныншы маусымда жетпіс бес жасқа толады. Оның кітаптарын сүйсініп оқымаған қазақ баласы жоқ шығар. Алғашқы әңгімелер жинағы «Қауын иісі» деген атпен жарияланған суреткердің қаламынан қаншама кестелі тілі төгілген туындылар туды. Оның «Қош бол, ата», «Қарлығаштың ұясы», «Атақоныс», «Туған ауыл түтіні», «Балалық шақтың әуендері» атты хикаяттары үшін-ақ Мемлекеттік сыйлықты бұрын-ақ беруге болушы еді. Жазушының кейінгі жазғандары да – сүбелі дүниелер. Өзім оны орыс әдебиетіндегі «деревенская прозаның» ірі өкілдері – Виктор Астафьев, Василий Белов, Валентин Распутин деңгейіндегі суреткер деп бағалаймын. Қазір бұл үш

да айтып өткен мақаласында: «Естуімізше, биылғы аламан-ның дүбірі алысқа кететін түрі бар. Басқасы басқа, осы биылғы тізімнің ішінде Тынымбай Нұрмағамбетовтің де жүруі мүмкін екені неге тұрады? Дара шапса өзі алып, қосарлап шапса Несіпбек Дәуітайұлы екеуі қатар алуы мүмкін деген де сыбыс бар. Бірақ кешегіңіз Бейімбеті қандай сүйкімді болса, бүгінгіңіз Тынымбайы сондай сүйкімді екенін тіл білмейтіндер қайдан білсін? Сондықтан жеме-жемге келгенде, бұл сыйлық Тынымбайға да жоқ, Несіпбекке де жоқ болып шығуы таңғалатын нәрсе емес. Тіпті бұған дейін де сан мәрте болғаны сияқты, бұл жолы да күтпеген бір оқиға болып кетуі әбден мүмкін» дейді. Иә, бәрі де мүмкін.

Шындығында, Мемлекеттік сыйлық кімге беріледі? Осы тақырыпта бір ағамызбен әңгімелесіп қалған-

**Қатып қалған қағидаға сүйенбей, лайықты болса ұсынылған барлық дарын иелеріне сыйлық берілсе жөн. Меселі қайтып, тауы шағылған қаламгер келесі жолы тағы бір шедевр шығарма туғызып, оны үлкен бәйгеге қайта қосуы екіталай. Сондықтан талантымен топ жарған ақын-жазушының жалпы ұлт әдебиетіне сіңірген еңбегі, жаңашылдығы, жаңалығы ескерілуі керек**

ұсынылған барлық дарын иелеріне сыйлық берілсе жөн. Меселі қайтып, тауы шағылған қаламгер келесі жолы тағы бір шедевр шығарма туғызып, оны үлкен бәйгеге қайта қосуы екіталай. Сондықтан талантымен топ жарған ақын-жазушының жалпы ұлт әдебиетіне сіңірген еңбегі, жаңашылдығы, жаңалығы ескерілуі керек.

Марапат жас таңдамау қажет. Өмірден ерте өткен Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаев секілді көрнекті ақындар көзі тірісінде ешқандай сый-құрмет көрген жоқ. Ал қазақ әдебиетінің классиктері Ғабит Мүсірепов Мемлекеттік сыйлықты «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі үшін 70 жасында алса, Әбділда Тәжібаев «Көне қоңырау» жыр жинағы үшін 68 жасында алыпты. Осы жерде жазушы Думан Рамазановтың «Даңқ пен дақпырт» («Көктамыр» 73-83 бет) деген мақаласындағы Жазушылар одағында деректі проза кеңесінде Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған шығармаларды талқылау барысында болған бір оқиға есіме түсті. «Көп болып, ойласа келе, ұсынылған алты еңбектің ішінен екі-ақ автордың шығармасы лайық деп танылды. Оның бірі – Сапабек Әсіповтің «Қазақ қасіреті» атты зерттеу еңбегі болса, екіншісі – жазушы Тұрсын Жұртбаевтың екі томдық «Дулыға» атты көркем әрі ғылыми шығармасы. Сонда Сапабек Әсіпов сөз сөйлеп, үлкен ақсақалдық өнеге көрсете білді.

– Тұрсын Жұртбаевтың «Дулығасын» өз басым ғылыми-деректік және көркемдік жағынан өте жоғары бағалаймын. Өте құнды еңбек. Сондықтан мен, егер бір-ақ кітап Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылуы қажет болса, онда өзімнің «Қазақ қасіреті» атты еңбегімді Тұрсынның осы «Дулығасы» үшін дауыстан қайтарып аламын, – деген батагөйлік сөзі әлі күнге құлағымнан кетер емес» деп жазады автор. Кейде, осындай ірілікті де күтесіз.

Қорыта айтқанда, бұл тақырыпты қауазай берсе айтыла берер пікір көп. Біз ойымызды қысқаша ғана тарқатып көрдік. Айтпақшы, биыл тағы дүбір басталды. Ақын ақын Қадыр ағамыздың «Қалдырмай ескерусіз бір ісін де, Талантты бағаландар тірісінде» дегені де бекер емес.





2001 жылғы «Астана ақшамының» жылашар нөмірінде Спорт сарайының ашылуы туралы «Ақ дидарлы алып кешен» деген мақала беріліпті. Сарайдың ашылу салтанатына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен қала әкімі Әділбек Жақсыбеков қатысқан.

«Өткен ғасыр қазақ тарихында қандай із қалдырды?» деген сауалнама жүргізіліп, оған ҚР Парламент Сенаты депутаты Жабайхан Әбділдин, ҚР Сыртқы істер министрлігінің жауапты қызметкері Наталья Геллерт, журналист Амантай Көккен жауап берген. Неміс қызы Геллерт қазақтардың ортасынан орын алғанына, еңбегі елгеніне өзін бақытты сезінетінін айтады.

**ҚАЙТА ОРАЛМАС ҚАЙРАН СӨТТЕР**

«Ел мерейі – Ермахан» деп Сидней олимпиадасының жеңімпазы Ермаханмен әдемі сұхбат берілген. Серік Тұрғынбекұлының «Әбіштің ақындық әлемі» деген мақаласы бар. Журналист-жазушы Елжас Бейсенбектің «Қайран қазақтың Дөнеші» деген мақаласында шоқынның басына шығып «Сүйген сәулем Балжан-ай» деп ән салған өңші көз алдына елестейді.

Еуразия университетінің доценті, ғалым Қ.Ахметовтің «Ұлт үшін отқа түскен ұлылар» мақаласында 20-30 жылдардағы қазақ интеллигенциясының ағартушылық қызметі туралы айтылады. Айтпақшы, «Ште пікір өлгенше» деген айдар болыпты, «Мұндай киноға зәру емес едік қой» деп Төлеген Жәкітайұлы «Ағайынды үйі» фильміне сын-көзқарасын білдіреді. Журналист Ғалым Қожабеков боксшы Бекзат Сағатжановтың қайтыс боларының алдында ғана сұхбат алған екен, сол сұхбат «Жұлдызын сөнбейді, Бекзат!» деген тақырыппен жарық көреді.

**ТАРИХТАН «ТӘӨБЕРІК»**

2001 жылғы 9 қаңтарда «Астана ақшамының» бас редакторлығына Мағжан Садықханұлы келгені туралы шағын хабар бар екен. Газет танымдық-тағлымдық дүниелерге бұрынғыдан да зор мән беріп, көбірек орын арнағанын байқаймыз. Бекен Қайратұлының «Бейта-

ныстың беделі» деген жақсы мақаласында әйгілі желаяқ Балғабай Күлпейістің Бауыржан Момышұлымен кездесу кездескені, өзі сол сәтте кім екенін танымаған батырдың қамқорлығын көргені айтылады. Тарихшы-ұстаз Баялы Шалғынбайдың «Күт, ұлым, мен орапамын» деген мақаласы нәубет жылдарында ұсталып кеткен Нұртай балуан туралы баяндайды. «Қрасная шапочка» бандысы туралы не білеміз?» деген мақалада Қараөкел өңірінде жазықсыз атылған 63 адамның тағдыры туралы айтылады. Газеттегі көзге жылыушырайтын айдардың бірі – «Тарихтан тәөберік». Оқытушы Гүзара Қантбекқызы Қоянды жәрмеңкесінің халықаралық маңызына тоқталады. Сол заманда Қоянды жәрмеңкесіне Үндістан, Моңғолия, Қытай, Ресей, Орта Азияның саудагерлері келіп тұрғанын осы мақаладан біле түсеміз. Тағы бір ойландырған дүниенің бірі - Ақселу Сейдімбек сұхбатында «Біз тарихқа есесі кеткен халықпыз» деп көп дүниені айтқан екен.

**КҮН ТӨРТІНДЕ – КЕДЕЙШІЛІК ПЕН ЖҰМЫССЫЗДЫҚ**

Кедейшілік пен жұмыссыздықты жою мәселесі қалалық әкімдігінің күн тәртібінен түспегені байқалады. Ол кезде теңгенің құны бар екен деп ойладық, өйткені жаңа жылдың қарсаңында қаладағы 44000 зейнеткердің әрқайсысына 500 теңгеден ақшалай сыйлық жасалған, бұл – 22 млн теңгенің көлемі. Астана халқы көбейіп, мәдени өміріне өзгерістер енген уақытты көреміз. Астана әкімі Әділбек Жақсыбеков қалалық мәдени мекемелердің жұмысымен танысады. Қазіргі заман өнері мұражайына 1999 жылы 22500 адам келіп тамашаланған болса, 2001 жылдың басында бұл сан 60 000-ға артқан. «Базар байлық бастауы ма, әлде күнкөріс көзі ме?» деген мақалада базарға қатысты мәселелер, қарапайым жұрт

**ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ, ӨТКІР ПІКІР**

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Әбдіжәлел Бөкір «Ұлт рухына төнген қауіп» деп мемлекеттік емес телеарналардың ұрпақ санасын ұлап жатқанына алаңдаушылық білдіреді. Бүгін біз мемлекеттік телеарналардың халық көңілінен шықпай жатқанын, арзан күлкі, болымсыз шоу құйп кеткенін айтып жүрміз. Демек, бұл да баяғыда басталған «ән» екен.

**ГАЗЕТ БЕТІНДЕГІ ЖАНАЙҚАЙ**

«Айдың күнінің аманында адам жоғалттым» деген аның жанайкайы да назар аудармай қоймайды. Онда ана «Астана ақшамы» газетінде басылған «Ағайын бичтері» деген мақаланың өзінің жан жарасын тырнап, мұңын қозғап кеткенін айтады. Ұлы жапон қызы Идзумиге үйленіпті, қыздың әкесі Жапонияның ірі қалаларының бірі Иокогамада ірі банк қызметкері екен. Асан иссапармен барып, 1998 жылы сол қызбен кездеседі. Көңілдері жарасып шаңырақ көтереді. Кейін екеуі Астанаға келіп,

Идзуми Евразия университетінде жапон тілінен сабақ береді. Ұлы болса, бидай сатумен айналысқан. Сол жалғыз ұлын 2000 жылы қарашада белгісіз біреулер шақырып, машинаға мінгізіп алып кеткен. Төрт айдан асса да ұлынан бір хабар болмаған ана газеттен көмек сұрайды. Мақала үлкен резонанс туғызған, Арқалық қаласынан тергеуші Н.Сабыров арнайы іздеп келіп, өз учаскесінен жоғалған адамдар тағдыры да, ел арасында әлеуметтік қиындыққа тап болғандар көп болғанын көреміз. Газет адам проблемаларына баса назар аударудан жаңылмаған. «Жат жұртқа бөбектеріміз кете бере ме?» деген жанайкайы жеткізеді, өйткені сол кезде елімізде бала асырап алуға арнайы рұқсаты бар 10-нан аса шетелдік агенттіктер жұмыс істеген. Сол кезде қаншама қазақ баласы мұхит асып кетті, олардың қалауын ешкім сұрамаған да, жетімнің жа-

нарың жәудіретіп, шығарып сала бергенбіз... Газеттің 16 қаңтардағы нөмірі оқыс жаңалықпен ашылады, «танертен атылған оқ немесе Шалинге қастандық жасаған кімі?» Мақаладан үлкен кәсіпорындарда басшылық еткен, Қорғалжын ауданының әкімі С. Шалинді біреулер атып кеткенін білдік. Газет сол кезде қазақстандық жұмысшының айлығы – 15 мың теңге, шетелдік болса, 364 мың теңге айлық алатын әділетсіздік туралы да жазған. Шетелден келген біріккен кәсіпорындардың ойына келгенін жасап, осы ұлттың иесі саналатын қазақ жігіттерінің несібесін жеп, жалақы төлеуде алақолдық танытқанын айтқан мақаланы байырғы журналист Таңатар Төлеуғалиев жазған. «Жаман арба жол бұзар» деп «Астана ақшамы» журналісі «Мегаполис» газетінің тұтас бір ұлтты маскүнем деп қаралауына қарсы жауап берген. Қазақ халқынан неге кешірім сұрамайды? деп күйінеді автор Ергазы Әсембеқұлы. Риза боласыз. Дәл бүгінгі таңда бізде сондай рух, шарболатты қайралған намыс бар ма өзі? Бір полицияның мақаласын оқыдым, полиция полковнигі Ғалым Жүсіпов құқық қорғау саласының жетістігі не кемшілігі туралы айта ма десем, «Ұлттық дәстүрді қалай оятамыз?» деп сауал тастайды. Наурызды мерекелеу, жалпы той өткізуге жанаңалдық, ұлттық мінез керегің айтпай, тамаша мақала! Бүгінгі таңда да «Астана ақшамында» қызмет істейтін Төлен Зәрубайұлы сол кезде ғылымнан келетін табыстың аздағынан ғалымдардың шетелдерге кетіп жатқанын айтады. Бекен Қайратұлының «Баспасөз кімге керек немесе ақпарат құралдарының қоғамдағы ролі туралы» жазғаны ой саларлық. Байқасаңыз, қазақ газеті сол кездегі «Жас қанат» байқауында сүйіншілеп жазған екен. Ел алдан тек жақсылық күткен, сол жақсылыққа қуанған, азғантай жетістікке ырза болған кеңпейіл кезек екен.



**ЖАҢА ҚАЛА – ЖАҢАУТ МЕКЕН БОЛСА**

Ендігі міндет Есіл жағалауын игеру деген Н. Назарбаев қала дамуындағы түйткілді мәселелерді шешуде басшылардан тың идея, жаңа бастама күтеді. «Астана әлемдік жетістіктерді сүйреп алып кететінді локомотив қала болуы керек» деген Президент үлкен міндеттер жүктенді. Жаңа қала – жаңа мекен болуы үшін арнайы экономикалық аймақ құрылғаны да осы 2001 жыл. Сол кезде қаладағы салынған әрбір жаңа ғимаратқа қуаныш білдіріп, жақсылықты жарыса жазып

отырған. Мысалы, 31 наурыздағы нөміреде «Көз тартады келбеті» деп Базис А салған «Престиж» деп аталатын ТК туралы айтады. «Астана әлемдік жетістіктерді сүйреп алып кететінді локомотив қала болуы керек» деген Президент үлкен міндеттер жүктенді. Жаңа қала – жаңа мекен болуы үшін арнайы экономикалық аймақ құрылғаны да осы 2001 жыл. Сол кезде қаладағы салынған әрбір жаңа ғимаратқа қуаныш білдіріп, жақсылықты жарыса жазып

отырған. Мысалы, 31 наурыздағы нөміреде «Көз тартады келбеті» деп Базис А салған «Престиж» деп аталатын ТК туралы айтады. «Астана әлемдік жетістіктерді сүйреп алып кететінді локомотив қала болуы керек» деген Президент үлкен міндеттер жүктенді. Жаңа қала – жаңа мекен болуы үшін арнайы экономикалық аймақ құрылғаны да осы 2001 жыл. Сол кезде қаладағы салынған әрбір жаңа ғимаратқа қуаныш білдіріп, жақсылықты жарыса жазып

**ЕТТІҢ КЕЛІСІ – 370 ТЕҢГЕ**

«Қазаның күнде қайнай ма, қазақ?» деген мақалада еттің қымбаттағаны айтылады. Осы мақала дәл бүгін көбірек өзекті көрінеді. Қазір айлап қазан аспайтын болды қой, қалалықтар түгелі ауылдағылардың өзіне соғым сою – қадімгідей мәселе. Ал 2001 жылдың мамырында сиырдың сан егі – 370 теңге, қой еті 500 теңге болған.



Әрине, ол кезде айлықтың көлемі де азғантай еді. Қазір көбінің айлығы өсті, бірақ қымбатшылық та қысуын қояр емес.

Теңгенің құны болған екен-ау деп таңғалармыздың тағы бір себебі – 2000 жылы Астанада сырттан көшіп келген қандастарға 15 пәтер бөлінгені туралы айтылған. 2001 жылы да қандастарымыздың пәтер алуы туралы 15 млн теңге бөлініп отыр дейді әкімдік берген ақпарат. Сонда сол кезде 15 млн дегенің әжептәуір ақша болғаны ғой. Бүгінгі таңда 15 млн теңгеге қуықтай ғана бір бөлмелі пәтер сатып алуға болады. Пәтер демекші, 2001 жылғы 8 ақпанда Елбасы мәдениет, өнер, ғылым саласының 38 адамына пәтер сыйлапты. Оны қала әкімінің орынбасары Т. Мұхамеджанов салтанатты түрде тапсырған.

**ЕСКЕРТКІШТЕР ШЕРУІ**

Кенесары хан ескерткішінің ашылу салтанаты да айтулы оқиға болыпты, Президент бір топ басшымен келіп батыр баба рухына тағзым еткен. Сондай-ақ күллі түркі дүниесінің көк семсері атанған Күлтөгіні ескерткіші де Еуразия мемлекеттік университетінің бас ғимаратына жеткізіліп, салтанатты жағдайда ашылған. Осы жерде айта кетейік, жаңа астананың халқы жаңа мыңжылдықтың алғашқы Наурызды деп ұят мерекесіне үлкен маңыз берген.

**СЫН САДАҒЫН ҚОЛҒА АЛЫП...**


«Туризм тұнған байлық» деп оны дамытудың жолдары айтылады, одан бері не заман, бұл тақырыпты жүйрек қаузап қойғанмыз-

бен істеліп жатқан шаруа, айтарлықтай нәтиже бар деу қиын. Сондай-ақ «Қазақтелекомның монополистік мінезі» деп, сынап жазған, Астананың «Панасыз қалған бичутері» де журналист назарынан тыс қалмаған. «Ескі үйі бұзылғандардың есесі кете ме?» деп қала тұрғындарының құқының бұзылмауына үн қосады. «Есік қаққаның есебі түгел ме?» деп пәтерден пәтерге көшіп жүргендер туралы Төлен Зәрубайұлы жақсы көтереді.

Тілдің жайының қашанғыдай қаны сорғалап тұрғанын көріп мұңаясың. Журналист Әріс Яшукірқызы «Қазақша оқпайтын соң қазақ газеті тарамайды» деп мәселенің қайдан шығып жатқанын санамалап көрсетеді. Ғалым Қожабеков ағамыз Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі Әзербайжан Мәмбетовтен сұхбат алыпты. Сол кезде қазақ театр өнерінің жарық жұлдызы «Елордадағы театр және өнер институтын ашу керек» депті. Өнер институты ашылды, ал жаңа театр көп ұзамай халық игілігіне айналды деген үміт бар.

**ЕЛОРДАДАҒЫ ОБЛЫС КҮНДЕРІ**

Елордадағы облыс күндерінің ұымдастырылуына да үлкен мән берілген, бұл кезде газет те ерекше шыққан. Мысалы, 20-21 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысының елордадағы күндері өтуіне байланысты сол күнгі «Астана ақшамының» «қалпағы» - «Оңтүстік Қазақстан» болып шыққанын көріп бір таңғалдық. Сол кездегі мерекені 25 қазан - Республика күні де айрықша әдемі безендірілген екен.



Дайындаған Жадыра ШАМУРАТОВА



**ҚИЫНДЫҚ ПЕН ҚЫЗЫҚ АРАЛАС КҮНДЕР**

Әр басылымның ақпараттық кеңестікте өз орны бар. Қазіргі таңда апталық таралымы 15000 дана болып отырған «Астана ақшамы» газеті өзі жарық көрген 30 жылға уақыт ішінде өсті, өркендеді, кемелденді. Басылым елорданың саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени тыныс-тіршілігін насихаттайтын беделді ақпарат айнасына айналды.

Бұдан он сегіз жыл бұрын, яғни 2002 жылы, Қазақстан журналистер академиясының «Алтын Жұлдыз» сыйлығының лауреаты атануы – осындай басты жетістіктің алғашқы бір парасы. Мен бұл басылымда 1997 жылы Кенже Жұмағұлов бас редактор болып тұрған кезінде қызметке қабылдандым. Бес жылға жуық жұмыс істеген тұсымда бұл газетке Жұмағұл Саухат, Мағжан Садықхан бас редакторлық етті. Үш бас редактордың әрине, ұжымды басқару, басылымды рухани жетілдіру жұмыстарында елеулі еңбектеріне тоқталсам деймін.. 1990 жылы ел тәуелсіздігі енді қолы жетіп жатқан тұста орыс-

тілді халық басшылар болған Целиноград қаласында ұлттық тілде газет ашу небәрі 30-дан енді азсан Кенже Жұмағұловқа оңай тиген жоқ. Мұны газеттің 30 жыл, 40 жыл ... әрмен қарай 100 жылдығы болса да қашан да басшыларға айту керек. «Ақмола ақиқаты» газеті екі бет болып жарық көрсе де, алғашқы қалыптасу барысындағы сыннан мүдірмей өтті. Қаланың әлеуметтік-экономикалық даму, мәдени-рухани өркендеу мәселелерін демократиялық тұрғыда үздіксіз жариялап тұрды. Дәл осы тұста бас редактор К.Жұмағұловтың орынбасары болып, күні бүгін осы басылымның төрінде отырған, Ауған соғысының ардагер-журналисі Ғалым

Қожабековтің айрықша шығармашылық еңбегін бағалау ләзім. Жұмағұл Саухат бас редактор болған кезіндегі ерекшелік – сол газетке республика көлемінен есімдері танымал журналист-қаламгерлер қызметке тартылды. Ақмола қаласының Астана аталуына байланысты «Ақмола ақиқаты» газетінің атауы да «Астана ақшамы» деген жаңа атауға ие болуы Жұмағұлдiң тұсында. Басылымның бұрынғы форматы кеңейді. Оқырмандары көбейді. Газеттің бет ажары бұрынғы кейінтен жақсарды. Бұл салада бас редактор Ж. Саухаттың орынбасары болған Талғат Батырхан, жазушы-қаламгерлер Дидармет Әшімхан, Жанболат Аупбаевтың қосқан үлесі ұшан-теңіз. Шынын

айтқанда, ақшамдық журналистерге тың идея, дұрыс бағдар беріп жөн сілтеп отыруда аталған орынбасарлар намысты қолдан бермеді. Басылым бетінде «Қаз қалпында», «Жан айқай», «Айтшы ағайын, тілегіңді, назыңды», «ХХ ғасыр – жүз жылдық жылнама», «Көкейтесті», «Боғамсыз өмір», «Ұлылар ұлағаты» деген айдарлармен үздіксіз берілген материалдар оқырмандарға қызық болды. Бірте-бірте «Астана ақшамы» газеті республикалық деңгейге көтеріліп, таралым ауқымы кеңейді. Қазақстанның әр түкпірінен келген қаламдары жүйрік Жанғали Хасенов, Таңатар Төлеуғалиев, Аманкелді Қияс, Айтқадір Тілеуов, Ергазы Әсембеқұлы, Бекен Қайратұлы, сәл кейінірек келген



Төлен Тілеубай, Азамат Есенжол отбасымен бастанасыз, пәтер жалдап тұрып «Астана ақшамы» газетінде ұмытылмастай өз қолтаңбаларын қалдырды. Егер сол жылдардағы газеттің мұрағатын көтерсе, тайға таңба басқандай бәрінің қолтаңбалары тұр. «Астана ақшамы» газетіне республикалық «Егемен Қазақстан» газетінен мол тәжірибе жинақтаған көнігі журналист Мағжан Садықхан бас редактор болған уақытта басылымның танымал деңгейі жоғарылады. Газет халықаралық дәрежедегі көптеген конкурстарға қысылмай қатысты. Нәтижесінде, жоғары дәрежелі марапаттарға ие болды. Ал жекелеген журналистер республикалық деңгейдегі мекемелердің,

ұйымдардың баспасөз хатшысы қызметтеріне ауысып, кейінірек сол қызметті өздері басқарды. Қысқасы, ақшамдықтардың қаны қатайып, қаламдары ұшталған үстіне ұшпала түсті. Мен де 2002 жылы «Астана ақшамымен» қош айтысып, Мәдениет және ақпарат министрлігіне жауапты қызметке ауысып кете бардым. «Астана ақшамы» газетінің шынайы оқырмандары көп, ал авторлары зиялы қауым өкілдерінен болды. Олар «Астана ақшамы» газетінің тұрақты авторлары ретінде көкейтесті мәселелерді ортаға салды. Ал осы тұста Сәдібек Түгел мырза Астана қалалық әкімдігінің баспасөз хатшысы болатын. Астанадағы бұқаралық ақпарат құралдарының бір жеңнен қол, бір жағадан бас

шығаратын» кезі де осы тұта болды. С.Түгелдің ұымдастырушылық жұмысы өте ерекше сипатта берді. Кез келген журналист елорданың қай жерінде, қандай іс-шаралар өтетінін білген баспасөз хатшысы арқылы тез біліп, одан нақты ақпарат тартып отыратын. Журналистер үшін баспасөз парақшаларының пайда болуы да осы тұста басталды. Иә, біз 1997-2002 ж.ж аралығында «Астана ақшамы» газетінде осылай қызмет еткен едік. Ақшамдықтар, қиындығы мен қызығы аралас осы күндері есімізден шығара алмаспыз сіз, сірә?!!

Әріс ЯШУКІРҚЫЗЫ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі ақын, жазушы



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

(Соңы. Басы газеттің №64 (4033) санында)

Енді Жалаңаяқ әздердің сыртқы сипаты мен адамгершілік қасиеттері жөнінде бірер сөз. Бұл турасында жоғарыда әңгіме болған Шәдітөренің «Тарихатынан» алынған әзізден оқып білсе болады.

Баяғы жалаң аяқ ханның пірі  
Қосынға өзі келді мағлұмданып,  
Жүреді жалаң аяқ әм жалаң бас  
Қайрылып иығын жауып

тұрады шаш,

Нәзірге әркім дүние берсе-дағы

Ешбірін аламын деп назар

қылмас,

Бағзы уақыт жоқ болады

кетіп қалып,

Бағзыда келер еді мағлұмданып,

Алдында адамы жоқ мезгілінде

Оңаша жолығады ханға барып.

Бағзылар уәли дерді көңілі кетіп,

Бағзылар жынды дерді

мазақ етіп.

Бұл сөздерден әулиенің неліктен «жалаңаяқ» деген лақабақ ие болғанын түсінуге жол ашылады. Бүгіндері кейбір кісілер онысын үстіне киген жұпыны-жыртық киімінен, қысы-жазы етіксіз қар кешіп, тікенге шаншылып жүргендігінен деп ойлайды. Бұл өте тұрпайы, сөзбе-сөз түсінгендікке жатады. Мысалы, Қаз дауысты Қазыбек дегенде ешкімнің де ойына би сөйлегенде оның даусы қаздай қаңқылдаған екен деген ой келмейтіні секілді, біздер де «жалаңаяқ» дегенде сөздің астарына, оның балама мағынасына көңіл бөлгеніміз жөн. Осыған орай Жалаңаяқ әздердің өмір бойы Хақ жолында дәруіш боп, тақуалықты ұстанып, жеке басының пайдасынан гөрі барша халықтың қамын жеп, қажет болса қаймықпастан ханға да, қараға да ойындағысын жайып салатыны және атақты Абылайдың сыйынған пірі бола тұра, қарапайым да қанағатшыл болғанын естен шығармағанымыз дұрыс. Мұны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Айтты» деген поэмасынан алынған мына бір өлең жолдары барынша растайды:

Дұрыс сөзін айтудан

қаймықпаған,

Бермей қояр ат немен

түйесін деп.

«Айтқаны келеді» деп халық

сенген,

Халық өзі наныста соған ерген.

Сондықтан батырлар мен

хандар дағы,

Қол қусырып пір қылған, малын

берген.

Батыр мен хан қауіпті

дүшпандарын,

«Жалаңаш баба» бата берсе

жеңген.

Осындағы «айтқаны келеді» деген тек сәуегей әулиелерге ғана тән теңеудің Жалаңаяқ әздерге тікелей қатысы бар екендігін әйгілі Мәшһүр Жүсіптің «Абылай ханның түсі» атты аңыз-әңгімеде баяндалатын оқиғамен дәлелдеуге болады. Онда мынадай сөздер бар:

«Абылай ханның өлгенін естігенде Жалаңаяқ әздер үш күн, үш түн жылаған екен.

– Тақсыр, мұнша неге жылайсыз? – деушілерге:

– Есіл Абылай баяғыдан бері жүріп-жүріп, Сары-Арқада өлмей, сарттың қорғанында өлді. Енді хандық сартта қалды, қазақтан бақ кетті, құт қашты» деген екен.

Бұл сөздің жай-жапсарын түсіндіріп жатудың қажеті шамалы шығар. Себебі атақты хан дүниеден озған соң оңтүстік өңірлері тасы өрге домалаған Қоқан бектерінің езгісіне түсіп, халқымыздың қайран Абылайдың заманын армандап зар болғанын күні бү-

# АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ПІРІ – ЖАЛАҢАЯҚ ӘУЛИЕ КІМ?



гінге дейін есімізден шыққан жоқ.

Сөз орайы келген соң айта кетейін, Қоқан хандығы Қазақстанның күнгейіндегі ескі шаһарлар Шымкент, Сайрам, Манкент, Түркістан, Созақты 1809-1810 жылдары жаулап алған, яғни Абылай хан дүниеден озғаннан кейін 30 жылға жуық уақыт өткен соң ғана...

Соңғы жылдары Жалаңаяқ әздерге қатысты көптеген тың мәліметтердің табылып отырғаны ерекше



**Соңғы жылдары Жалаңаяқ әздерге қатысты көптеген тың мәліметтердің табылып отырғаны ерекше қуантады. Олардың ішінде Ташкент маңынан табылған шежірелі тарихи құжат, Қызылорда облысының Қармақшы өңірінде XIX ғасырдың басында жасаған белгілі Марал ишанға қатысты аңыз-әңгімелер мен оның ұрпақтарының қолында сақтаулы тұрған әулиенің көк асасының алатын орны өте жоғары**

қуантады. Олардың ішінде Ташкент маңынан табылған шежірелі тарихи құжат, Қызылорда облысының Қармақшы өңірінде XIX ғасырдың басында жасаған белгілі Марал ишанға қатысты аңыз-әңгімелер мен оның ұрпақтарының қолында сақтаулы тұрған әулиенің көк асасының алатын орны өте жоғары.

Шежірелі тарихи құжатты алғаш тауып зерттеп шыққан шығыстанушы ғалым Әшірбек Момыновтың айтуынша, бұл көнерген жәдігер 1826 жылы Созақ өңірінде дүниеге келген екен. Оны қожалар шежіресі – насаб-нама мен соған жабыстырылған түрлі көлемді көптеген парақшалар құрайды. Насаб-наманың ішінде Әзіреті Әлі, Ысқақ баб, Әбдіжәлил баб, Сопы (Диуана мағынасында – Е.О.) қожалардың есімдерімен қатар «Ир Хал-Мухаммад ‘азизлар, лакабла-



**Заманында алты алашқа аты жайылған Ер Қалмұхаммед – Жалаңаяқ әздердің кесенесі Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Созақ ауылында орналасқан. Соңғы жылдары бабаларының жатқан жерін іздеп тапқан ұрпақтары мазардың айналасын көгалдандырып, бітелген бұлақтардың көзін ашып, арықтың арнасын лайдан тазалап, жаңа көпір салып, киелі жерді айналдыра қоршаған шарбақ тұрғызып, екі жыл қатарынан ас берді**



Жалаңаяқ әздердің Марал ишанға сыйға берген көк асасы

тысты көптеген аңыз-әңгімелерден бөлек орыс отаршыларының мұрағатынан табылған 1821 жылдың 9 маусымында жазылған сирек құжат дәлелдейді.

Осы Сыр өңіріне аты кеңінен жайылған Марал ишан жайлы әңгімелерде ұстазы Жалаңаяқ әздер оған өзінің көк асасын сыйлаған деген сөз бар. Сол алтынға бергісіз асыл зат бүгіндері Марал ишанның тікелей ұрпағы Ұлықбек Әлиасқарұлы Абдулхамитовтың үйінде сақтаулы тұр. Жолым болып 2015 жылы оны суретке түсіріп алудың сәті түскені барды.

Көк аса – ақ түсті фарфор тектес шыныдан жасалынған жұмыр зат болып шықты. Уақытында ағаш таяқтың басында тұрғаны оңай аңғарылады. Себебі көк асаның астыңғы жағында ағашқа қондырып қоюға ыңғайлы болсын деп жасалынған үшкір ұшының сынып қалған орны сақталған. Заттың ұзындығы – 6,3 см, ені – 6 см. Заттың түсі аппақ болғанымен, қою көлеңкелі жерде, күңгірт түскенде көгеріп көрінетін болғандықтан, «көк аса» деп атап кеткен секілді.

Бұл жәдігерден бөлек, Марал ишанның ұрпақтарының қолында осы көк асаның темір ұшы да бар болып шықты.

Заманында алты алашқа аты жайылған Ер Қалмұхаммед – Жалаңаяқ әздердің кесенесі Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Созақ ауылында орналасқан. Соңғы жылдары бабаларының жатқан жерін іздеп тапқан ұрпақтары мазардың айналасын көгалдандырып, бітелген бұлақтардың көзін ашып, арықтың арнасын лайдан тазалап, жаңа көпір салып, киелі жерді айналдыра қоршаған шарбақ тұрғызып, екі жыл қатарынан ас берді. Болашақта, 1969 жылы езіліп құлап қалған, сосын 1996 жылы Мұхитдин деген өзбектің өз қаражатына қайтадан көтерілген кесенені күрделі жөндеуден өткізу шарасы қолға алынбақ.

Сөз соңында, ел ішінде Жалаңаяқ әздерді – Жалаңаяқ әздүр, Жалаңаяқ Ашдүр, Әз Жалаңаяқ, Жалаңаяқ әзі, Жалаңаш Баба, Жалаңаяқ әулие, Жалаңаяқ ишан, Жалаңаяқ деп түрленіп атау қалыптасқанын атап кеткенім абзал. «Әздер» деген арабтың «азиз» – құдіретті, күшті, сирек, қымбатты, аяулы деген кең мағыналы сөзінен туындаған болса, «әулие» сөзі – араб тіліндегі «уали» (вали) сөзінің көпше түрі «авлия» болып келеді. Оның мағынасы – Құдайға ең жақын тұрған, Алланың досы немесе Алланың қорғауындағы адам дегенді білдіреді. Әулие ұғымы – діни құлшылықтың мәніне терең жеткен, Жаратушы туралы ілімді толық меңгерген діндар кісі. Ондай адамдар өз іс-әрекетімен Аллаға-тағалаға жақындап қоймай, сонымен қатар Құранда айтылған «ең әділетті қоғам» құру үшін қажымай, талмай еңбек етеді. Әулие өзінің қара басының мүддесі үшін емес, тек Жаратушының қалағанын іске асыруға жан-тәнін салады. Сол себепті ондай адам өзін Алланың жер бетін басқан өкілі ретінде сезінеді.

Ералы ОСПАҢҰЛЫ



Төлен  
ТІЛЕУБАЙ

## ҚОШ БОЛ, ҚАЗАҚСТАН!

Өткен жылы Қазақстаннан 45 231 адам алыс-жақын шетелдерге көшіп кетті. Соның ішінде, 40 933 адам – ТМД елдеріне, қалғаны басқа мемлекеттерге қоныс аударған. Теріс сальдо 32 973 адамды құраған. Мұндай ресми статистиканы наурыз айында Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті жариялады. Алаңдатарлығы сол, соңғы 10 жыл ішінде елімізден 332 310 адам шетелдерге кеткен, ал көшіп келгені – 220 232 адам. Әсіресе, солтүстік облыстардың халқы көршілес мемлекеттерге қоныс аударуда. Мәселен, 2019 жылы Солтүстік Қазақстан облысынан 13 872 адам көшіп кеткен. Бұл көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда 19,6 пайызға көп.

Жүгін буып-түйген жұрттың 60 пайызы көршілес Ресей Федерациясына тұрақты тұруға, 40 пайызы еліміздің өзге өңірлеріне көшіп барған. Алыс шетелдерге солтүстіктің 406 тұрғыны (негізінен, Польша, Германия, Чехияға) көше, көшіп келгені бар-жоғы 64 адам (оның 79,7 пайызы – Моңғолиядан). Статистика департаментінің мәліметіне жүгінсек, халықтың табиғи өсімінің көрсеткіші жыл бойына бар-жоғы 190 адамды құраған. Өткен жылы облыста 6903 бала туса, 6713 адам қайтыс болған. Алдыңғы жылмен салыстырғандағы табиғи өсім көлемі 3,3 пайызға дейін қысқарыпты. Солтүстіктегі халықтың үдере көшуінің себебі неде?

### «БОЛАШАҒЫМА СЕНБЕГЕННЕН КӨШТІМ!»

Әрине, бұл – елімізден көшкен жастардың айтқан сөзі. Қатты алаңдатарлығы, соңғы 8 жылда Қазақстаннан шетелдерге жоғары білімді, тәжірибесі мол жастар кетіп жатыр. Мигранттардың 25 пайыздан астамы – 15-28 жастағылар. Социологиялық зерттеулерден анықталғандай, көші-қонның негізгі факторлары мыналар: елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалдың нашарлауы, тіл мәселесіне қатысты психологиялық дискомфорт, тұрақты саяси ахуалға деген сенімсіздік, көршілес елдердің мигрант тартудағы белсенді саясаты, Қазақстандағы азаматтықтың «әлсіз» тұстары. Соңғы 8-10 жылда шетелдерге көшкен қазақстандықтардың 50 пайызы елге қайтып келгісі келмейді екен. (мәліметтер 2018 жылы Халықаралық көші-қоны ұйымы жүргізген «Жас қазақстандық кәсіби мамандардың миграциялық көңіл-күйі» атты зерттеуден алынды).

«Қазақстаннан неге көштің?» деген сауалға батыс елдеріндегі жастардың көпшілігі: «жемқор-



# КӨШ ҮМІТТІ АҚТАДЫ МА?

лықтың көбеюі, болашағыма сенбеушілік, бюрократия, қауіпсіздік сезімінің жоқтығы себеп болды» деп жауап берген. Олар жат елге баруға «қауіпсіздік деңгейінің жоғарылығы, құқық қорғау органдарға сенім, дамыған азаматтық қоғам, жемқорлықтың аздығы, адам құқығының жақсы қорғалуы, биліктің жиі ауысуы» сияқты факторлар әсер еткенін ашық айтыпты. Қош делік.

### ТЕРІСКЕЙ ЖАЙЛЫ БОЛСА, ЖҰРТТЫҢ КӨШІП НЕСІ БАР?

Еңбек күші артық өңірлерден азаматтарды көшіруге арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында Солтүстік Қазақстан облысына 2016-2019 жылдары 1455 отбасы немесе 5000 адам көшіп барған, соның ішінде өткен жылғысы – 736 отбасы немесе 2223 адам. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінен алынған ресми мәліметке сүйенсек, 2019 жылы қоныс аударған 2223 адамның 1107-сі (50 пайызы) еңбекке жарамды азаматтар болса, соның ішінде 707-сі жұмыспен қамтамасыз етілген. 616 адам тұрақты жұмыс орнын тауып, 91 адам жеке кәсібін ашыпты. Назар аударарлық жайттың бірі, сол 1107 адамның 400-і әлі күнге дейін жұмыссыз.

Мемлекет солтүстікке қоныс аударушыларға тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтерді төлеу шығындарын жабу үшін көмек көрсететіні мәлім. Мысалы, көшіп барған әр отбасына ай сайын 12 ай бойы 15-

тен 30 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде (39 000-нан 79 000 теңгеге дейін) төлем төленеді. Одан бөлек, көшкен әр азаматтың көшуге кеткен шығындарын өтеу үшін бір мезгілде 35 АЕК (92 000 теңге) көлемінде материалдық көмек беріледі. Келген отбасыларға тұрақты жұмысқа орналасуға, баспанамен қамтамасыз етуге, мектеппен балабақшадан балаларына орын алуға жәрдем жасалады. Сондай-ақ кәсіпкерлікпен айналысамын дегендерге жер телімі бөлініп, өтеусіз гранттар рәсімделеді.

Көшіп келгендердің басын ауыртатын басты мәселесі – баспана. Өткен жылы әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспары шеңберінде осы түйткілді мәселені шешу үшін республикалық бюджеттен 15 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражатқа 87 елді мекенде 428 үй салынған. Баспана бірінші кезекте 2 және одан көп баласы бар, сондай-ақ белгілі бір біліктілігі немесе жұмыс тәжірибесі мол жас отбасыларға беріледі. 2020 жылы қоныс аударушыларға арналған үйлердің құрылысы жалғасып, 714 үй салу жоспарға енгізілген. Осылайша, мемлекет 3 жыл ішінде 3 мыңға жуық отбасыларды баспанамен қамтамасыз етпекші. Бұл істің қалай жүзеге асытынын уақыт көрсетер.

### МАСЫЛДЫҚ ТА, ПАТРИОТИЗМ ДЕ БАР

Теріскейге көшкендердің ауылдарға қоныстанатыны белгілі. Әр ауылдың ахуалы әрқалай. Мысалы, Қызылжардан 70 шақырым жердегі Токарев ауылында мектеп жоқ. Бір дәріхана, бір шағын дүкен ғана бар. Бар-жоғы 125 тұрғынның 27-сі – көшіп келгендер. Балалар 30 шақырымдағы аудан орталығындағы интернатта тұрып, мектепте оқиды. Бұған қоса, жалақының мардымсыздығына да налиды. Ал жергілікті шенеуніктердің көшіп келгендерге көңілі толмайды. Мамлют ауданы әкімінің орынбасары Алмагүл Рамазанованың айтуынша, ауылдарға мұғалім,

дәрігер, механизаторлар керек. «Бірақ көбінесе ешқандай мамандығы, дағдысы жоқ, мойнында қарызы көп адамдар келеді. Мемлекет төлейтін жәрдемақша тез таусылады. Нағыз масылдық деген осы емес пе?!» дейді ол.

Алайда жағымды мысалдар да жоқ емес. 2016 жылы Оңтүстік Қазақстандағы Ордабасы ауданы, Төркөл ауылынан Солтүстік Қазақстандағы Жамбыл ауданының Пресновка ауылына көшіп келген Қантемір Сарыбай мен Маржан Абайқызы әуелде жалдамалы үйде тұрған. Көп ұзамай 4 адамнан тұратын жас отбасыға жаңа баспана кілт тапсырылды. Қазір ерлі-зайыптылар екеуі де жеке кәсіпкер. Маржан жұмыс беруші ретінде Пресновкада монша кешенін ашып, оңтүстік өңірлерден 13 адамды қабылдаған. Ол 2019 жылы қоныс аударушыларға Пресновкада 4 үй, Благовещенка ауылында 1 үй салған. Қантемір ірі қара мал сатып алуға 100 АЕК көлемінде грант алған. Мұндай мысалдар көп.

### «СЕРПІННІҢ» СЕРПІНІ ҚАЙДА?

Оңтүстік өңірлердің (Алматы, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау) жастарын оқытып, солтүстік, шығыс және батыс өңірлерге жұмысқа жіберу үшін елімізде 2014 жылдан бері «Серпін-2050» әлеуметтік бағдарламасы іске асырылып келеді. Ресми дерекке сүйенсек, 2019 жылы «Серпін» бойынша 245 адам оқуын тәмамдаса, соның ішінде 162-сі жұмысқа орналасқан. Алайда Солтүстік Қазақстан облысында бар-жоғы 30-ақ адам жұмыс тауыпты. Неге бұлай?

«Серпіннің» серпіні сезілмей тұрғаны рас. Өйткені оқу бітірген түлектерді жұмысқа орналастыруда көптеген қиындықтар бар. Оларды жұмыс берушілердің өздері тауындатып отыр. Мәселен, теріскейдегі кейбір кәсіпорындар орыс тілін нашар білетін түлектерді жұмысқа қабылдауға құлықсыз. Бұған қоса, педагогикалық және техникалық мамандықтар бойынша бос жұмыс орындары жеткіліксіз. «Серпіннің» түлектері арасында жүргізілген сауалнама-

**Өткен жылы Қазақстаннан 45 231 адам алыс-жақын шетелдерге көшіп кетті. Соның ішінде, 40 933 адам – ТМД елдеріне, қалғаны басқа мемлекеттерге қоныс аударған. Теріс сальдо 32 973 адамды құраған. Мұндай ресми статистиканы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті жариялады. Алаңдатарлығы сол, соңғы 10 жыл ішінде елімізден 332 310 адам шетелдерге кеткен, ал көшіп келгені – 220 232 адам**

дан жұмысқа орналасуға кедергі келтіретін өзге де себептер (үйдің қолжетімсіздігі, төмен жалақы, ауа райының қолайсыздығы, әлеуметтік пакеттің жоқтығы, орыс тілін түсінудегі қиындықтар, мамандыққа сай жұмыстың болмауы) анықталған.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің проректоры Жанар Таласбаева облыстық табиғи ресурстар басқармасы өкілдерінің «Биология» мамандығы бойынша оқитын студенттермен екі рет кездесе де, бос жұмыс орындарын ұсынбағанын айтады. «Оларға орман шаруашылығындағы бос жұмыс орындарын ұсынды, ал түлектер білім беру саласында еңбек етуі тиіс» деп түсіндірді мәселені проректор. Сондай-ақ «Тарих», «География» мамандығы бойынша бітіретін түлектерге толық емес жұмыс мөлшерін ұсынған. Алайда «Шет тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Дефектология», «Мектепке дейінгі білім беру» сияқты мамандықтар бойынша сұраныс артып, түлектер 100 пайыз жұмысқа орналасқан.

**Мемлекет солтүстікке қоныс аударушыларға тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтерді төлеу шығындарын жабу үшін көмек көрсететіні мәлім. Мысалы, көшіп барған әр отбасына ай сайын 12 ай бойы 15-тен 30 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде (39 000-нан 79 000 теңгеге дейін) төлем төленеді. Одан бөлек, көшкен әр азаматтың көшуге кеткен шығындарын өтеу үшін бір мезгілде 35 АЕК (92 000 теңге) көлемінде материалдық көмек беріледі**



@NurSultanNewsBot | tme/elordainfo

ДҮЙСЕНБІ

8 МАУСЫМ



6.00, 02.40 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 «7 күн».



6.00, 03.35 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «ТАҒЫ ДА СҮЙ», т/х. 7.00 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ. 6.00 Ризамын.

14.00 Информбюро. 14.30 «Кел татуласайық».



6.00 «Қыздар арасында». 6.50, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.00 «Разминка».

СЕЙСЕНБІ

9 МАУСЫМ



6.00, 02.40 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоги дня.



6.00, 03.35 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «ТАҒЫ ДА СҮЙ», т/х. 6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ. 6.00 Ризамын.



6.00 «Қыздар арасында». 6.50, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.00 «Разминка».

СӘРСЕНБІ

10 МАУСЫМ



6.00, 02.50 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоги дня.



6.00, 03.35 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «ТАҒЫ ДА СҮЙ», т/х. 6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ. 6.00 Ризамын.

12.00, 21.05 Т/с «МАХАББАТЫМ, КЕШ МЕНІ».



6.00 «Қыздар арасында». 6.50, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.00 «Разминка».

БЕЙСЕНБІ

11 МАУСЫМ



6.00, 02.40 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоги дня.



6.00, 03.35 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».





6.00 «ТАҒЫ ДА СҮЙ», т/х.
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».
7.15 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР».
8.00 «Доброе утро».
11.00 Т/с «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
7.30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР.
8.00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
9.50 НОВОСТИ.



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
7.00 Информбюро.
8.00 Т/с «ТАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».



6.00 «Қыздар арасында».
6.50, 05.15 «Гу-гулет».
7.30, 15.00 Т/х «ПАРИЖДЕН МЕНІ ІЗДЕП ТАП».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00 «ЖаңаLIKE show».

ЖҰМА

12 МАУСЫМ



6.00, 02.40 Әнұран.
6.05 «Ауылдастар».

6.35, 14.00 AQRAPAT.
7.15 «Трансформерлер: құтқарушы боттар», м/х.
7.40 «ДОСТЫҚ ЖЕҢІЛМЕЙТІН КҮШ», м/х.
8.00 «TANSHOLPAN».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоги дня.
7.30 Т/х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР».
8.40 М/с «Малышарики».



6.00, 03.35 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30 «Күлдірген».
7.00, 17.10 «Үздік әзілдер».
8.00 М/ф «Маша и медведь».



6.00 «ТОЙ БАЗАР».
7.00 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР».
7.45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ».
8.00 «Доброе утро».
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».
7.30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР.
8.00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ», т/х.
9.50 НОВОСТИ.



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 Ризамын.
7.00 Информбюро.
8.00 Т/с «ТАНГА».
10.00 М/с «Лунтик».



6.00 «Қыздар арасында».
6.50, 05.15 «Гу-гулет».
7.30, 15.00 Т/х «ПАРИЖДЕН МЕНІ ІЗДЕП ТАП».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Разминка».
7.15 М/х «Том мен Джерри».
8.00 «ЖаңаLIKE show».

СЕНБІ

13 МАУСЫМ



6.00, 02.20 Әнұран.
6.05 «Ауылдастар».
6.30 AQRAPAT.
7.10 Концерт «Сағындырған әндер-ай!».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Ұят болмасын».
6.40 «Өлшеулі өмір» концерт.
9.10 «Өзін-өзі тану».



6.00, 03.15 «Ән мен әзіл» концерттік.
6.30, 02.55 «Әзілстан».
7.00 «Үздік әзілдер».
8.00 М/ф «Маша и медведь».



6.00 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН», Т/Х.
6.45 «ТАМАША СІТҮ».
7.35 «ТОЙ ЗАКАЗ».
8.05 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР».



03.15 «ТАМАША СІТҮ».
04.00 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН.
7.20 «КЕТТІК ТОЙҒА».
7.50 «ҮЛКЕН ҮЙ-3», т/х.



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00, 01.10 Әзіл студио.
7.00, 03.00 Ризамын.
8.20 М/с «Малыши и летающие звери».



6.00 «Қыздар арасында».
6.50 «Қуырдақ».
7.30, 05.10 «Гу-гулет».
8.00, 03.00 «Айнаонлайн».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Бүлдір-күлдір».
7.50 М/х «Том мен Джерри».
8.30 «Vine Time».

ЖЕКСЕНБІ

14 МАУСЫМ



6.00 Әнұран.
6.05 «Ауылдастар».
6.35 «Қазақ даласының құпиялары», д/ф.
7.05 «Жұлтық арнада ұмытылмас әндер».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны.
6.00 «Тамаша».
7.40 «Әсем әуен».



12.20 Х/ф «СЕМЬЯНИН».
14.00 Х/ф «Облачный атлас».
17.00 Х/ф «Вернуть Бена».
18.45 «Мәжіліс.kz».



6.00, 02.35 «Ән мен әзіл» концерттік.
7.00, 01.10 «KazNet».
7.30, 02.05 «Әзілстан».
8.00 М/ф «Маша и медведь».



6.00 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН», т/х.
6.45 «ТАМАША СІТҮ».
7.35 «ТОЙ ЗАКАЗ».
8.00 «СЕНБІЛІК ЖАҒАЛЫҚТАР».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.05 «ӘН МЕН ӘНШІ».
8.10 «КТК-да ҚАБАТОВ».
9.30 «ЮРМАЛА».



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ.
6.00 «Неге?».
7.05, 04.30 Ризамын.
8.30 Бауржан шоу.



6.00 «Қыздар арасында».
6.50 «Қуырдақ».
7.30, 05.10 «Гу-гулет».
8.00, 03.00 «Айнаонлайн».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ.
7.00 «Бүлдір-күлдір».
7.50 М/х «Том мен Джерри».
8.30 «Vine Time».



ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №64 (4033) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains names and family details for the first list of citizens.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains names and family details for the second list of citizens.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains names and family details for the third list of citizens.





Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Contains rows 6498 to 6561.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Contains rows 6562 to 6624.

Table with 5 columns: ID, Surname, Name, Date, and Description. Contains rows 6625 to 6687.



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Table with 6 columns: ID, Name, Surname, Date of Birth, Date of Decision, and Status. Rows 6688-6753.

Table with 6 columns: ID, Name, Surname, Date of Birth, Date of Decision, and Status. Rows 6754-6796.

Table with 6 columns: ID, Name, Surname, Date of Birth, Date of Decision, and Status. Rows 6797-6837.

(Жалғасы бар)

ЖОЛАУШЫЛАР МЕН БАҒАЖДЫ АВТОМОБИЛЬМЕН РЕСПУБЛИКАІШЛІК ТҰРАҚТЫ ТАСЫМАЛДАУ БАҒДАРЛАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ, 2020 жылдың 7 шілдесінде сағат 15.00-де, Нұр-Сұлтан қаласы Бейбітшілік көшесі 11, 544-кабинетінде өтетін жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішлік тұрақты тасымалдау бағдарларына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа төмендегі бағдарлар шығарылады: № 1 лот - №№ 9, 10, 22, 23, 314, 317 маршруттар; № 2 лот - №№ 32, 44, 61, 73, 318, 319 маршруттар; № 3 лот - №№ 3, 4, 8, 29, 326 маршруттар; № 4 лот - №№ 17, 18, 20, 25, 321, 322 маршруттар; № 5 лот - № 6 маршруты; № 6 лот - № 12 маршруты; № 7 лот - № 19 маршруты; № 8 лот - № 21 маршруты; № 9 лот - № 28 маршруты; № 10 лот - № 31 маршруты; № 11 лот - № 40 маршруты; № 12 лот - № 41 маршруты; № 13 лот - № 46 маршруты; № 14 лот - № 51 маршруты; № 15 лот - № 56 маршруты; № 16 лот - № 81 маршруты; Конкурсқа меншікті немесе жалға беру құқығына ие автокөлік құралдары (автобустар) бар, кез келген заңды және жеке тұлғалар, меншік формасына қарамастан қатыса алады.

Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер конкурс комиссиясына конкурсқа қатысу туралы жазбаша өтініш тапсырып, конкурс құжаттарының пакетін ақысыз алуы тиіс. Қатысушылар конкурс құжаттарымен белгіленген уақыт аралығында танысып, қажетті деген формаларын

толтырып және конкурс комиссиясының хатшысына 2020 жылғы 29 маусым, сағат 15.00-ге дейін тапсыру тиіс.

Белгіленген уақыттан кешігіп түскен құжаттар конкурсқа қатысуға жіберілмейді. Кәсіпорын орналасқан (қоныс аударған) жердегі жылжымалы құрам, сақтауға, техникалық қызмет көрсетуге және жылжымалы құрамды жөндеуге арналған өндірістік-техникалық, диспетчерлік және медициналық пункттер конкурс өткізілгенге дейін конкурс алдындағы комиссиямен барып тексеріледі.

Конкурс жеңімпазымен Нұр-Сұлтан қаласының жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тұрақты республикаішлік тасымалдауға қызмет көрсету құқығына 5 жыл мерзімге келісім шарт жасалады.

2020 жылғы 10 маусымда сағат 10.00 конкурс комиссиясы Бейбітшілік к-сі, 11, 547-кабинет мекенжайында конкурс алдында қатысушылардың конкурс өткізуге қатысты барлық сұрақтарына жауап беруге конференция өткізеді.

Конкурс құжаттарының пакетін, маршруттардың негізгі сипаттамаларын және конкурс өткізудің тәртібі мен шарттары бойынша қажетті анықтамаларды Бейбітшілік к-сі, 11, 544-кабинет мекенжайында конкурс комиссиясының хатшысынан алуға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс телефон: 551498.

«Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ





## БАНКТЕР ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАСЫЗ ТӨЛЕМДЕР БОЙЫНША КОМИССИЯЛАРДЫ ТӨМЕНДЕТЕДІ

Төлем карточкалары қазіргі кезде бірегей болып табылмайды. Даму кезінде төлем карточкаларының нарығы барынша қолжетімді, ал ілеспе банктік қызметтер мен ұсыныстар әртүрлі болды. Егер бұрын тұтынушылардың көпшілігі төлем карточкасын тек қана жалақы алу үшін пайдаланса, қазір оны ыңғайлы және сенімді төлем құралы ретінде қабылдайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту және банктердің комиссияларын төмендету бойынша шаралар қабылдау туралы тапсырмасын орындау шеңберінде Visa және Mastercard халықаралық төлем жүйелерімен, сондай-ақ екінші деңгейдегі қазақстандық банктермен жұмыс жүргізді.

Бірлесіп жүргізілген жұмыстың нәтижесінде 1 мамырдан бастап төлем карточкаларын пайдалану арқылы төлемдерді қабылдау үшін банктердің алатын

комиссиялары төмендетілді. Өзгерістер экономиканың маңызды әлеуметтік мәні бар жекелеген салаларына қатысты болды: білім беру, медициналық қызмет көрсету, дәріханалар, тұрақ орындарын төлеу, ақылы жолдар, ауыл шаруашылығы сервистері, жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелер. Елде төтенше жағдайды енгізу, коронавирус пандемиясының таралуы жағдайында осы салаларды қолдау маңызды болып табылады.

2020 жылдың 1 мамырынан бастап Visa және Mastercard халықаралық төлем жүйелері қазақстандық банктер үшін банкаралық комиссия мөлшерлемесін 2 есеге – 1%-ға дейін, фармацевтикалық сегментте 1,3%-ға дейін төмендетті.

Екінші деңгейдегі 8 банк қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша комиссияларды төмендетті, аталған банктер қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша айналымның 96%-ы келетін нарықтың негізгі қатысушылары болып табылады.

	2000 жылдың 1 мамырына дейін	2000 жылдың 1 мамырынан бастап
«Forte Bank» АҚ	1,9% – 2,2%	1,1% – 1,7%
«Jysan Bank» АҚ	2% – 3%	1,3% – 2%
«Kaspi Bank» АҚ	2% – басқа банктердің карталары үшін 1,69% – өз карталары үшін	1,3% – 1,6% – дәріханаларда
«АТФБанк» АҚ	3%	1,8% – 2,1% – дәріханаларда
«Банк ЦентрКредит» АҚ	3%	2%
«Еуразиялық банк» АҚ	2,2%	1,3%
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	2,7% – басқа банктердің карталары үшін 1,9% – өз карталары үшін	1,55% – 0,7% – 1,85% – дәріханаларда
«Сбербанк» АҚ ЕБ	2,5%	1,4% – 1,5% – 1,7% – 1,8% – дәріханаларда

Жоғарыда аталған қаржы институттары сауда (эквайрингтік) комиссиясын орта есеппен 35%-ға (ағымдағы орташа мәннен 2,3%-ға орташа мәнге дейін) транзакция сомасынан 1,5%-ға) төмендетті.

Банк комиссиялары терминалдарды карточкамен төлеу үшін пайдаланатын кәсіпкерлерге ғана қатысты болып табылады, ал сатып алушылар ешқандай комиссия төлемейді. Керісінше, төлем карточкаларын пайдаланатын тұтынушылар үшін банктер бонустарды ұсыну, «cashback» функциясы және т. б. сияқты «сенімділік» бағдарламаларын ұсынады.

Тұтастай алғанда, қабылданған шаралар бөлшек қолма-қол ақшасыз есеп айырысуларды одан әрі дамыту үшін жағдайды едәуір жақсартады және «көлеңкелі экономика» көлемінің қысқаруына оң әсерін тигізеді.

**Ұлттық Банктің Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы)**

## ӨТІНІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – ӘЛЕУЕТТІ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУҒА ҚАТЫСУЫ ҮШІН МІНДЕТТІ ШАРТТАРДЫҢ БІРІ

Мемлекеттік сатып алу туралы Заңға сәйкес әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімнің қамтамасыз етуін енгізген кезде өтінім берілді деп есептеледі.

Әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға қатысуы үшін міндетті шарттардың бірі өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші өзі конкурс жеңімпазы болып айқындалған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасатынына және мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізетініне кепіл ретінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде енгізеді.

Сол уақытта, конкурсқа бірнеше лот бойынша қатысқан жағдайда әлеуетті өнім беруші әрбір лотқа бөлек конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етуді беруге құқылы.

Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің біреуін:

1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақшаны;

2) электрондық құжат нысанында берілетін банк кепілдігін таңдауға құқылы. Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 50-бабында көзделген жағдайларда банк кепілдігін қағаз жеткізгіште беруге жол беріледі.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың

бірі басталған кезде:

1) конкурс жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарғанда;

2) конкурс жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаса отырып, конкурстық құжаттамада белгіленген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамағанда, оның ішінде уақытылы орындамағанда бұғатталады және әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды.

Сондай-ақ әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде конкурсқа қатысуға арналған өзінің өтінімінің енгізілген қамтамасыз етуін қайтару құқығын жоғалтпай, конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталғанша дейін кез келген уақытта конкурсқа қатысуға өз өтініміне өзгеріс енгізеді немесе кері қайтарады.

Әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянында орналастырылған ақшаны қайтару туралы талап бойынша мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор осындай талап келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде соларға қатысты бұғаттау жүргізілмеген немесе бұғаттау тоқтатылған, көрсетілген ақшаны қайтарады.

**А. КАРИМОВ,  
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша  
ІМАД камералдық бақылау бөлімінің  
жетекші маманы**



## «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» РММ ОРТАЛЫҚ ФИЛИАЛЫ (НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ) АВТОМАШИНАНЫ САТУ БОЙЫНША АШЫҚ АУКЦИОН ӨТКІЗІЛЕТІНДІГІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

1. Аукцион 2020 жылғы 19 маусымда, сағат 15-00-де Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік көшесі, 21-үй мекенжайы бойынша «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы) ғимаратында, 3-303-кабинетте өткізіледі.

2. Аукцион өткізу әдісі – голланд әдісі бойынша.

3. Лот – «Toyota Camry» маркалы автомашина, 2018 жылы шығарылған, қозғалтқыш көлемі – 2,5 л, жүргені – 461 км., апаттық жағдайдағы техникалық жағынан жарамсыз.

4. Бастапқы бағасы – 4 802 820 (төрт миллион сегіз жүз екі мың сегіз жүз жиырма) теңге 00 тиын.

5. Өтінім Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік көшесі, 21-үй, 1.104-кабинет мекенжайы бойынша ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап күн сайын 09-00-ден 18-00-ге дейін қабылданады және 2020 жылғы 18 маусымда, сағат 18-00-де аяқталады.

6. Аукционға қатысуға тіркеуден өткен өтініш берушілер жіберіледі. Өтініш беруші аукцион қатысушысы ретінде тіркелуі үшін мыналарды ұсынуы тиіс:

- өтініш беруші толтырған және қол қойған өтінім (өтінім нысаны ұсынылады);
- жеке тұлғалар үшін – тұлғасын көрсете отырып жеке төлқұжаттың немесе жеке куәліктің көшірмесі;

- заңды тұлғалар үшін – жарғының, заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің және оның өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырылған көшірмесі;

- кепілді жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі;
- ЖСН/БСН сәйкестендіру нөмірі бар құжаттың көшірмесі;

- өкілдің өкілеттігін растайтын құжат (нотариалды куәландырылған сенімхат).

Қазақстан Республикасының резидент еместері де Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды немесе қазақ және (немесе) орыс тілдеріне аударылған нотариалды куәландырылған ұқсас мәліметтері бар құжаттарды ұсынады.

7. Бастапқы бағаның 5 (бес) пайызы мөлшерінде кепілдік жарна аукцион өткізілетін күннен бұрын сағат 18-00-ге дейін қолма-қол ақшасыз тәртіпте Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 21 мекенжайы бойынша «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Орталық филиалына (Нұр-Сұлтан қ.), КРҰБ РММ ЖСК КЗ19125КЗТ005100100, БСК NBRKKZKX, БСН 940441000460, Бек 13, ТМК 171 деректемелеріне ақшаны аудару арқылы немесе «ҚР Ұлттық Банкі» РММ Орталық филиалының (Нұр-Сұлтан қ.) кассасына қолма-қол ақшаны енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Аукционды ұтқан және сатып алу-сату шартын жасасқан аукцион қатысушысының кепілдік жарнасы қайтарылмайды және алынатын мүлік төлемінің есебіне енгізіледі.

8. Сатушы: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 21 мекенжайы бойынша орналасқан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қ.), тел. 70-33-45, 70-33-46.

9. Аукционды аукцион комиссиясының мүшесі болып табылатын аукционшы өткізеді, оған аукцион комиссиясының шешімімен аукционшының міндеттемелері жүктеледі. Аукцион аукционшы аукцион мәнін, лоттың нөмірін, оның қысқаша сипаттамасын, бастапқы бағасын, аукцион өткізу әдісін және аукцион қадамының көлемін

хабарлағаннан бастап басталады. Аукцион қатысушылары және қатысушы тұлғалар аукцион барысына ықпал етуге немесе оның өткізу қағидаларын бұзуға құқықтары жоқ, қарама-қарсы жағдайда олар аукцион өткізу залынан (орнынан) шығарылуы мүмкін. Өзгеру қадамын аукцион комиссиясы 100 000 (бір жүз мың) теңге шекте белгілейді. Аукционшы лоттың бастапқы бағасын жариялайды және аукцион қатысушыларына оны сатып алуды ұсынады. Көтерілген аукциондық нөмірлер болмаған жағдайда аукционшы лот бағасын бір қадамнан асырмай төмендетіп жаңа бағаны жариялайды. Аукционшы жарияланған баға бойынша бірінші көтерген аукцион қатысушысының нөмірін атайды және бағаман үстелді бір ұрып лот бойынша аукцион жеңімпазын жариялайды.

Егер аукционшы лоттың ең төменгі бағасын жариялағанда аукцион қатысушыларының бірі де аукциондық нөмірді көтермесе лот келесі аукционға қайта қойылу үшін аукционнан алынады.

Хабарландыру кезінде екі немесе одан да көп нөмірлер бір уақытта көтерілсе аукционшы бекітілген қадам көлемі бойынша бағаны көтеруді бастайды, осылайша жеңімпаз анықталғанша ағылшын әдісіне ауысады.

Егер бағаны көтергенде екі немесе одан да көп нөмірлер бір уақытта көтерген аукцион қатысушылары жоғарылау бағасы бойынша алуға тілек білдірмесе аукциондық комиссия аукцион қатысушыларының келісімімен жеребе тарту рәсімін қолданады.

Өз нөмірлерін бір уақытта көтерген бір немесе одан да көп аукцион қатысушылары жеребе тарту рәсімінен бас тартса лот аукционнан алынады.

10. Сатушы енгізілген кепілді жарнаны мына жағдайлардың біреуі туындаған күннен бастап бес операциялық күн ішінде қайтарады:

1) кепілді жарна аукцион өткеннен кейін түскен;

2) өтініш беруші аукционға жіберілмеген. Кепілді жарнаны қайтару мерзімі аукцион комиссиясы хаттамамен ресімделген тиісті шешім қабылдаған күннен бастап есептеледі;

3) өтініш беруші аукционға қатысуға өзінің өтінімін аукцион өткенге дейін үш күннен кешіктірмей қайтарып алған. Кепілді жарна мерзімі аукцион комиссиясына өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама түскен күннен бастап есептеледі;

4) аукцион қатысушысы аукцион жеңімпазы болып танылмаған. Кепілді жарнаны қайтару мерзімі аукцион нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап есептеледі;

5) аукцион өтпейді деп танылған немесе аукцион комиссиясы аукцион өткізудің күшін жою туралы шешім қабылдаған. Мерзімі аукцион комиссиясы аукцион өтпейді деп тану туралы шешім қабылдаған күннен немесе аукционды өткізудің күшін жою туралы шешім қабылданған күннен бастап есептеледі.

11. Кепілді жарна мына жағдайлардың біреуі туындаған кезде:

1) аукцион қатысушысының аукцион өткенге дейін үш күннен аз уақытта аукционға қатысудан бас тартқан;

2) аукцион жеңімпазының аукцион нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан немесе сатып алу-сату шартын жасаудан бас тартқан;

3) сатып алушы жасалған сатып алу-сату шарты бойынша ақша аударудан бас тартқан жағдайларда қайтарылмайды.

**Аукцион өткізу туралы қосымша ақпаратты  
Нұр-Сұлтан қаласы 8 (7172) 70-33-45, 70-33-46  
телефондары бойынша алуға болады.**

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі «Астана қаласының коммуналдық меншігіне бюджет қаражаты есебінен салынған мүлкті қабылдау және оны әрі қарай пайдалану қағидасын бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 6 ақпандағы № 113-160 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тиістілігіне № 802 болып енгізілді, 2014 жылғы 13 наурызда «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланды) күшін жоюға қойылғанын хабарлайды.

## АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІН ДЕР КЕЗІНДЕ ҚАРАУ

ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Қаржылық бақылау департаменті (бұдан әрі – Департамент) «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының нормаларын орындау бойынша іс-шараларды жүргізуде.

Азаматтардың өтініштерін қарау бойынша жұмыс Департамент қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен, 2019 жылғы өткен кезеңде жеке және заңды тұлғалардан 1700 өтініш келіп түсті. Барлық өтініштер заңнамада белгіленген мерзімде қаралады.

Өтініштерге талдау жүргізу кезінде анықталғаны, өтініштердің көп бөлігі мемлекеттік сатып алуға, жалақыны негізсіз төлеуге, бюджет қаржысын игеруге және басқа мәселелерге байланысты.

Азаматтардың өтініштерінің маңыздылығына баса назар аудару отырып, Нұр-Сұлтан қаласының атқарушы органдары тарапынан бұзушылықтарды болдырмау қажет.

Департамент басшылығы бекітілген кесте бойынша азаматтарды қабылдауды жүргізеді, сонымен бірге өтініштерге арналған жәшік орнатылған. Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын, сондай-ақ мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамасын бұзушылықтардың барлық фактілері туралы мына мекенжай бойынша: Астана қ., Әуезов к-сі, 14-үй немесе 8(7172)32-31-12 сенім телефоны арқылы жүгінуіңізді сұраймыз. Электрондық мекенжай: fink.astana@minfin.gov.kz

**Н. ТҰРСЫН,  
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша  
ІМАД камералдық бақылау бөлімінің  
жетекші маманы**





Қаматай ағаны мен біраз жылдан бері білемін. Екеуіміз бір жиында танысып, содан жақын сыйласып кеттік. Біртоға, мәдениетті, өз ісін жақсы білетін азамат. Ептеп, қуақы әзілі бар. Анадайдан мені көрсе, әзілін ала жүгіреді.

Бұл кісі қазіргі Ақмола облысы, Біржан сал ауданында өмірге келген. Жастайынан біртуар ақынның әндерін атасының бауырында жатып тыңдап өсіпті. Содан ба мектепті орысша оқыса да қазақы қасиеттен ажырамаған. Мектепте жүргеннен мақала, әңгіме жазып, шығармашылыққа бейім болады. Алғашқы дүниелері аудандық газетке жарияланған.

Қазақ журналистикасының талай талантты буынын тәрбиелеп шығарған ұлағатты ұстаз, белгілі ғалым Тауман Амаңдосов: «Адам оқып журналист болмайды, журналистің ең басты оқулығы – өмір» дейтін көрінеді. Осы сөзде үлкен мән бар. Қаматай аға да журналистикаға өмірден өзінен келген. Алғашқы мамандығы экономист болса да, кейін Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдап, орыс журналистикасының беделін өсірген ғалымдардың дәрісін тыңдайды.

## ҚАМАТАЙДЫҢ ҚОҢЫР ҚАЛАМЫ

» Біз өзге мамандық иелері туралы жілігін шағып, майын тамызып жазамыз. Бірақ бір сапта қалам ұстап жүрген әріптестерімізге келгенде ептеп, сараңдық танытамыз. Жазсақ та көп сөзіле қоймай, тартынамыз. Бүгін осы қағиданы сәл бұзып, белгілі журналист, «Время Астаны» газетінің бас редакторы, асқаралы алпысты бағындырған Қаматай Хамидуллин ағамыз туралы аз-кем сөз сабақтауды жөн көрдік

Біраз уақыт аудандық басшылықта қызмет істегеннен кейін 1986 жылы Целиноградқа келіп, облыстық радионың орыс редакциясына жұмысқа орналасады. Осында төрт жылдай еңбек етіп, қазақ редакциясына ауысады. Ол кезде радионың бас редакторы Нөгербек Мағзұмов деген ардақты ағамыз болған еді. Бұл кісіні студент кезімде мен де көрдім. Кісілігі мол, байыпты азамат болатын. Бойында ұшқыны бар бала көрсе, соны демеп, жанашыр болып жүретін. Өзі журналист ғана емес, қаламы төселген жазушы еді. Біздің кейіпкеріміз осындай белгілі тұлғаның қарамағын-

да қызмет істеп, асыл адамның қамқорлығын көреді. Одан кейін облыстық атқару комитетінде аға референттік қызметке шақырылады. Бұл қызмет те журналистке кері әсерін тигізбейді, қайта әкімшілік саланың қыр-сырын ұғып, маңызды құжаттарды жазуды, депутаттармен қоян-қолтық жұмыс істеп, біраз тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берді.

Осылай күн артынан ай қуалап, ай соңынан жыл жылжып өте берді. Азаттықтың ақ туы желбіреп, нарықтық қатынас жолына түстік. Елімізде жаңаша реформалар қолға алынып, бұрын болмаған коммерция-



лық газет пен телеарналар пайда бола бастады. Ақмолада да сол жылдары алғаш жекеменшік «Цесна» телеарнасы ашылып, Қаматай аға да соның алғашқы қазығын қаққан журналистерінің бірі болып, қала өмірінен сан түрін қамтыған репортаж дайындады.

Бірде «Астана таймс» газетінің бас редакторы, марқұм, Ерлан Ақмурзин деген жақын досы оған: «ИнфоЦес» газетіне бас редакторлыққа лайық журналист іздеп жатыр, соған барып көрші» деп өзі жетектеп апарып, «Цесна» корпорациясының төрағасы Рыскелді Жақсыбековтің кабинетіне

кіргізіп жібереді. Ырыскелді аға оны жылы қабылдап, жақын танысып, ақыры коммерциялық басшылықтың бас редакторлығына бекітеді.

Ендігі осы жайында кейіпкеріміздің өзін сөйлестек. – Мен бұрын газетте істегенмен, редакторлық тәжірибем жоқ еді. Бірақ Рыскелді аға мені қазақы қаны бар деп ойлады. Сол жылдары қаладағы жекеменшік басшылар арасында «ИнфоЦестің» беделі жоғары, бәсі биік еді. Дәл сол кезде Ақмола – елдің бас ордасы атанып, Арқаға ұлы көш басталды. Енді бұқаралық ақпарат құралдары арасында бәсекелестік көбейеді деп ойладық.

Сондықтан газеттің мазмұны мен деңгейін көтеріп, астаналық мәртебеге лайық болу үшін түрлі айдарлар аштық. Әрине, басшылықта көбі өзге ұлт өкілдері істеді. Орталарындағы жалғыз қазақ мен болғандықтан, олардың көзқарастарымен келісу де оңай болмады. Содан соң редакциядан қазақ бөлімін ашсам деп ойладым. Оны Рыскелді ағаға айтып едім, ол кісі қолдады. Сөйтп, қазақ бөлімі ашылып, оған «Арқа ажарында» істеп жүрген журналист Марат Дәдікбайды шақырдым. Мәкең бір сөзге келмей келді де, жұмысты ұршықтай иіріп әкетті. Газеттен «Астана айнасы» деген қазақша бет ашып, түрлі проблемаларды іңдете жазды. Белгілі азаматтармен сұхбат жүргізді. Енді қазақ оқырмандарынан редакцияға жазған ризашылық хаттар келе бастады. Мен осы басшылықта 1997 жылдан 2000 жылға дейін қызмет істеп, өмірлік бір белестен өттім, – дейді ол.

Одан кейін де кейіпкеріміз бірқатар республикалық басшылықта еңбек етіп, 2005 жылдан бері өзі ашқан «Время Астаны» деген газетін басқарып, елорданың дамуына тамшыдай болса да өз үлесін қосып келеді. Бірнеше рет дүниежүзілік журналистер конгресіне қатысқан. Қорыта айтқанда, орысша жазса да, әр мақаласынан қазақы қоңыр үн естіліп тұратын Қаматай ағаның қаламынан іргелі туындылар төгіле берсін дейміз!

## АБАЙ МҮШӘЙРАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен Сәкен Сейфуллин музейі ұйымдастырып келе жатқан дәстүрлі жыр бәйгесі биыл Ұлы Абай атамның торқалы тойына арналды.



«Жүрегімнің түбіне терең бойла!» деген атпен жарияланған аламан жыр жарысына еліміздің әр өңіріндегі айтулы қаламгерлерден бастап, жас талапкерлер қостаған 150 ақын қатысты. Мүшәйраға түскен шығармалардың ішінде көлемді дастандар да болды. Конкурс шартында поэма болмағандықтан, ол шығармалар талқыға ұсынылмады.

Жыр бәйгесінің қазылар алқасына Қазақстан Жазушылар одағының Нұр-Сұлтан қалалық филиалының директоры, ақын Дәулеткерей Кәпұлы төрағалық етіп, оның құрамында Мемлекеттік сыйлықтың лауре-

аты, жазушы Қажығали Мұхамбетқалиұлы, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Ақсұңқарұлы, белгілі журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанболат Аулбаев, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Несіпбек Айтұлы болды. Қазылар алқасы мүшәйраға қатысқан шығармаларды сұрыптай келе 12 ақынға бәйге берді.

Сонымен мүшәйраның бас жүлдесін «Абайдың бұлағы» деген топтама өлеңдері үшін талантты ақын, филология ғылымдарының докторы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Жанат Әскербекқызы иеленді. Бірінші орынды жас ақын Қабиден Қуанышбайұлы «Арманы жоқ Абайы бар халықтың» атты өлеңдер топтамасымен алды. Екінші орын қазақтың қабырғалы ақыны Исраил Сапарбай мен ақын Бақытжан Райсоваға бұйырды. Үшінші орынды танымал ақындар Серікжан Қажы Болат Үсенбаев және Ұларбек Нұрғалым бөлісті. Сондай-ақ бес ақынға ынталандыру сыйлығы берілді.



## ЖАНУАРЛАР ЖАНАШЫРЫ

» Биылғы 1 сәуірден бастап елімізде балаларға арналған «Жануарлар – менің достарым» атты байқау басталған еді. Қазір оған республиканың әр түкпірінен 3000-нан аса жеткіншек қатысып отыр. Байқау маусымның соңында аяқталады.

Бұл сайыста балалар сурет қана емес, өздері жақсы көретін жануарлары жайында эссе де жазуға болады. Кейбір жеткіншектер бейнематериал да жіберген. Бірақ байқау шартында бейнеге түсіру болмаса да, олар жануарларға жанашырлығын сол арқылы жеткізгісі келген.

Балалар жазған эсселерден жануарларға деген қамқорлықты, мейірімділік-

ті байқайсыз. Сәби жүректің лүпілімен ақ параққа түскен ой-толғаныстарынан тірі жан иелеріне қиянат жасауға болмайтындығын көркем жеткізген.

Мәселен, Ақжан Қайырбекқызы деген оқушының эссесі өз замандастарын ғана емес, ересектерді де ойландырады.

«Үлкен адамдар кішкентай ғана әлсіз төрт аяқтыларды қалайша қаңғытып

жіберетіні менің миыма сыймайды. Тым болмаса оларды иесі жоқ жануарларға арналған орталыққа өткізуге болады ғой. Адамгершілігімізді жоғалтпайықшы, үй жануары мен жер бетіндегі барлық жануарды қорғайықшы. Және өтінерім, үйсіз қалған жануардың жылы ұя, сүйікті қожайын табуына көмектесейік» деп жазыпты.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС  
Директор – Жарқын ЖҰМАДІЛОВ

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №65

Баспаханна: Нұр-Сұлтан қаласы,

Сілеті көшесі, 30.

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru